

Ұлы дала елінің тұғырлы тарихы

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті ханымдар мен мырзалар!
Мәртебелі меймандар!

Қазақ хандығының 550 жылдығына жиналған барша қауымды бүгінгі торқалы тоймен шын жүректен құттықтаймын!

Бүкіл әлемді дағдарыс жайлап, дамыған елдердің өздері үлкен экономикалық күйзеліске ұшыраған мынау алмағайып заманда алыс-жақын ағайынның басын қосып, Қазақ хандығының 550 жылдық ұлан-асыр тобын өткізудің өзінің ерекше себептері бар. Бүгінгі той, ең алдымен, батыр бабаларымыздың биік рухына тағзым ету және тағдырдың сан алуан қиындықтарынан сүрінбей өткен ата тарихынан тағылым алу үшін өткізіліп отыр.

Кенес Одағы заманында Қазақстан мектептерінде оқушылар «КСРО тарихы» атты ортақ оқулықтан білім алды. Сондықтан, жас ұрпақ ата-тарихынан мүлде ашақтап қалды. Оның үстіне Қазақ хандығының шаңырағын көтеріп, айыбын асырған ұлы хандарымыз бен даңқты батырларымыздың есімдері біртіндеп ел жадынан өшіріле бастады. Өз ішімізден шыққан оларды жамандағыштар құрметке бөленді. Елімізде ханның, не батырдың ескерткіші тұрмақ, олардың атында білім мен мәдениет нысандары, керек десеңіз, жалғыз-жарым көше де болған жоқ. Қазақ хандарының аты атала қалған жағдайда оларға үстем тап өкілі ретінде келесіз баға беріліп, қисынсыз айып тағылды. Бұл туралы ақын Ғафу Қайырбеков кезінде: «Басқаның патшасының бөрі жақсы. Неліктен біздің хандар жаман болған?» деп ашына жазған болатын. Ұлт жадының тамырына балта шабуға арналған осындай сұрқай саясаттың небәрі шиірек ғасыр бұрын орын алғанына сенудің өзі қиын. Бірақ кенес заманының ащы шындығы дәл осындай болатын.

Тәуелсіздік қазақ халқының өшкенін жандырып, өлгенін тірілтіпті. Алматы мен Астанада, облыс орталықтары мен ірі елді мекендерде Керей мен Жәнібек, Абылай мен Әбілқайыр сияқты әйгілі хандарымыздың, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырлардың еңселі ескерткіштері бой көтеріп, олардың есімдері елді мекендерге, жоғары оқу орындары мен мектептерге берілді. Бабалардың ерлік пен күресте толы енгелі өмір жолдары жайлы том-том ғылыми еңбектер мен әдеби шығармалар жазылды. Тәуелсіздікпен бірге оралып, ұрпағына ұлан-ғайыр қоныс қалдырған батыр бабаларымыздың биік рухы қазақтардың, әсіресе, жаңа буынының арасында аса зор патриоттық орлеу туғызып, ұлт тарихына деген мақтаныш сезімін уялатты.

Қазақ Жұбан ақын айтқандай, «мың өліп, мың тірілген» халық. Бірлігі жарасқанда даңқ асып, билікке таласқанда берекесі қашқан. Баршаға белгілі, байырғы бабаларымыз бөрілі байрақ ұстап, Байқалдан Балқанға дейінгі алқапты еркін жайлаған. Көгімізде желбіреген алтын күн астында қыраны қалықтаған туымыз – мемлекеттігіміздің үзілмей жалғасып жатқандығының айғағы.

Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр бұрын ғана шаңырақ көтерсе де, Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы түрік қағандығы, Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда



мемлекеттерінің заңды мұрагері болды. Арғы дәуірлерге бармай-ақ, таза түркілік заманымызға зер салар болсақ, әйгілі Рим империясы құлап, Еуропадағы осы күнгі мемлекеттердің нобайы да әлі қалыптаса қоймаған, ал Қытайда үш патшалық пен алуан әулет өзара қырқысып жатқан 6 ғасырда – 552 жылы Алтайда Ұлы түрік қағанаты атты қуатты, күшті мемлекет дүниеге келді. Ол небәрі жарты ғасыр ішінде Алтай мен Кавказ арасындағы алып далада жеке-дара билік жүргізді. Дәуірлеп тұрған кезінде Византия мен Ираннан, Қытайдың екі патшалығынан алым алған ер түріктің берекесі кетіп, өз ішінде билікке талас бастағанда, әуелі батыс және шығыс болып ажырап, кейін оғыз, қарлұқ, қыпшақ болып бөлініп, жауларына жем болды.

Сегізінші ғасырда тасқа қашалған Күлтегін жазуында: «Алдау мен арбауға араландан түрік халқы бірлігінен айырылды. Табғаштарға қайсар ұлдары құл, көрікті қыздары құн болды», – деп жазылған. Қай заманда болмасын, барлық жеңістеріміздің бастауы береке-бірлік екенін жас ұрпақ ешқашан ұмытпай, өткеннен сабақ алуы үшін Күлтегін жазуының көшірмесін жасатып, Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің атриумына қойғыздық.

Бүгінгі тәуелсіз түркі мемлекеттері – Түркия, Қазақстан, Әзбекстан, Әзербайжан, Түркіменстан мен Қырғызстан және дүниенің әр түркіріне тарыдай шашылған жалпы саны 200 миллионнан асатын 30-дан астам түркітілдес ұлттар мен ұлыстардың ұлы бабасы ер түрік аталарымыз болатын. «Түрік» сөзінің бір мағынасын әйгілі түрколог академик А.Н.Кононов «берік», яғни «бірту», «бірлік» сөзінен шығарады. Ендеше, түркі халықтары жаратылысында әрдайым бірге, береке-бірлікте болу үшін жаратылған. Бабаларымыз да бізге осыны мұрас еткен.

Бірлік – біздің барлық жеңістеріміздің алтын қайнары, ел қорғағанда күш-қуат берер асқақ айбары. Осыны әрдайым жадымызда ұстауымыз керек. Жаһандану заманында тағдыр талайымын бөлініп

кеткен, тілі, ділі, діні мен тегі бір түрік халықтары ХХІ ғасырда ынтымақ жарастыруы қажет. Сөйтіп, саясатта, экономикада, ғылым мен технологияда өзара ықпалдастық пен байланыстарды күшейте беріміз керек. Ата тарихы бізді осыған шақырады.

Бүгінгі той – ең алдымен, Қазақ хандығының 550 жылдық тойы. Атақты Мұхаммед Хайдар Дулатидің деректері бойынша, 1465 жылы Қозыбасы тауының етегінде тарихи оқиға болды. Бұл – біздің елдігіміздің тамыры тереңде жатқанын танытатын аса маңызды тарихи дерек. Керей мен Жәнібек хандар Әбілқайыр ұлысынан бөлініп, Шу мен Таластың арасында Қазақ хандығының шаңырағын көтерді. Алты Алаш антасып, айырылмасқа сөз байласып, Ұлытауға табаларынан қашап жазды. Осылайша, тарих сахнасына Қазақ деген халық шығып, ұлан-ғайыр өлке Қазақ жері деп атала бастады. Одан соң қасқа қолды Қасым хан хандықтың іргесін бекітіп, керегесін керді. Хакназар хан шекарасын Еділдің бойына дейін кеңейтсе, Төуекел хан Түркістан өлкесін түгелдей Қазақ хандығына қаратты. Еңсегей бойлы ер Есім елдің іргесін бекіту жолындағы күресте қолбасшылығымен танымал болды. Салқам Жәңгір хан Орбұлақ түбіндегі шайқаста жоңғарларға осыр-хата соққы берсе, әз Тәуке «Жеті Жарғыны» енгізді.

Қазақ хандығы кезеңі – ат жалында күн бешкен Алаш жұртының қаһармандық дәуірі. Ел билеген хандардың өмірі майдан шебінде өтті. Қазақтың алғашқы он төрт ханының жетеуі жорық жолында қаза тапты. Осынау ұлы бабалардың биік рухына барлық ұрпақ айрықша құрметпен бас иіп, ризашылығын білдіреді. Олардың ұлтқа сіңірген ұшан-теңіз еңбегі әрдайым ел есінде сақталады. Қазақтардың талай буыны қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай заман орнатқан сан ретінде қадірлейтін әз Тәуке биліктен кеткен соң халқымыздың береке-бірлігі әлсіреп, жүзге және руға бөлінушілік белең алды.

Орталық Азиядағы аса қуатты әскери мемлекет саналатын Қазақ хандығының осы осалдығын

оңтайлы пайдаланған жоңғарлар тұтқиылдан соғыс ашып, ел тарихына «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен енген трагедияға ұшыратты. Дәл осы тұста тарих сахнасына қол бастаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Малайсары сияқты батырлар, сөз бастаған Төле, Қазыбек, Әйтекедей дуалы ауыз билер, ел бастаған Абылай, Әбілқайырдай хандар шықты. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, береке-бірлігі асқан қазақ қолы 1730 жылы Аңырақай түбінде жоңғарларға күйрете соққы беріп, ата қонысын жаудан біржолата азат етті.

Қаз дауысты Қазыбек би: Біз қазақ деген мал баққан елміз, Елімізде соқтықпай жай жатқан елміз, Елімізден күт-береке қашпасын деп, Жеріміздің шетін жау баспасын деп, Найзаға үкі таққан елміз. Елшібір дұшпан басынбаған елміз, Басымыздан сөз асырмаған елміз. Достықты сақтай білген елміз, Дам-тұзды ақтай білген елміз, – деген екен.

Бірліктің қадірін біліп, білекке білек қосқанда атамекенді жаудан азат етті. Алайда, ағайынның араздығы, ынтымақтың аздығынан көп ұзамай хандық қойылды. Данышпан Абай айтқандай, «Бас-басына би болған онкөй қымыс» елдің сиқын кетірді. Сол кезде бүкіл дүние жүзін жайлаған, «бөліп ал да, билей бер» атты отаршылдыққа негізделген сұрқия саясат Қазақ елін біржолата Ресей патшалығының отарына айналдырды. Бұдан кетіпгі Қазан төңкерісінен, Азамат соғысынан, халқымыздың тең жартысын жалмаған отыз екінші жылғы апаршылықтар ер-азаматқа да, елге де сын болған Ұлы Отан соғысынан қазақ қаншама қансырап шықса да, азаттық аңсаған өршіл рухы мен ұлттық келбетін жоғалтқан емес.

Ел арасында айтылатын тәмсіл бар. Абылай хан: «Үш арманым бар еді. Біріншісі, елімді бейбіт өмірге жеткізем деп едім, қан көп төгілді. Екіншісі,

халқым қала, кент сала алмады. Үшіншісі, елдің басын біріктіре алмадым», – деген екен. Абылайдың асыл армандары тәуелсіздік тұсында түгелдей орындалды. Қазақстанның қай түкпіріне барсақ та, қалаларымыз бен ауылдарымыз жарқырап, жайнап тұр. Даламыз жайқалған егінге толып, еліміз жасыл баққа айналды. Алтын күн шуағын шашқан көк байрағымыздың астында қазақ қана емес, 130 ұлттың өкілдері береке-бірлікпен тату-тәтті өмір сүрде. Мен бұдан бұрынырақ «Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ» деген едім. Бүгін сол сөзімнің жалғасы ретінде: «Бізге бабалар тулпарларының тұяғымен жазылған ата тарихының әр парағы ерекше қымбат. Қазақтардың бүгінгі және болашақ буыны оны әрдайым орынды мақтан ететін болады» дегім келеді.

Тек өткен тарихымен ғана мақтанатын елдің болашағы бұлыңғыр. Әр буын өкілдері ата-баба данқына даңқ қосып, абыройын арттырып, бүкіл дүние жүзі алдында беделін биіктете білген елдің ғана болашағы жарқын, мерейі үстем болады. Осы тұрғыдан келгенде тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі буыны бабалар аманатына адалдық танытып, еліміздің абырой-беделін бұрын-соңды болмаған биікке көтерді деп айта аламыз.

Ең алдымен, бабаларымыз егемен еліміз тәуелсіздік алғанда ешншімізде ұлан-байтақ жер қалды. Бірақ әлемдегі тоғызыншы территория саналатын қазақ даласы ешбір халықаралық құжатпен рәсімделмей, ашық-шашық жатқан еді. Біз осы бір аса күрделі әрі шетін мәселені сәттен шешіп, Ресей мен Қытай бастаған барлық көршілерімізбен арадағы жалпы ұзындығы 14 мың шақырымнан асатын шекарамызды халықаралық құжаттармен рәсімдеп, болашақ ұрпақтың алаңсыз болуы үшін біржолата әрі мәңгілікке шешкендік.

Екіншіден, бізге мұраға қалған ата қонысымыз жылдар бойы халқымызға қасірет әкелген ажал полигондары мен жаппай қырып-жоюға арналған ядролық оқтұмсықтарға толы болды. Біз соның бәрін елімізді де, жерімізді де азат етіп, әлемдік ядролық қарусыздану көшін бастадық. Ақыл мен парасаттың кез келген қарудан қуаттырақ болатынын дәлелдеп, жаһандық қауіпсіздікке зор үлесімізді қостық.

Үшіншіден, екі жарым ғасыр патшалық Ресей мен 70 жылдан астам Кенес Одағы құрамында болғанда қазақ халқы өз жерінде отырып-ақ азшылыққа, ал Қазақстан өз еркінен тыс 130 ұлт пен ұлестің мекеніне айналды. Әлем тарихына көз тігер болсақ, соғыс атаулы не жер дауы, не ұлт артықшылығы, не дін үстемдігі үшін болатынын байқау қиын емес. Біз елімізді мекендеген сан алуан ұлт пен ұлыс, дін өкілдерін көк тудың астына жиып, ел тыныштығын, береке-бірлігін сақтадық. Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемдегі талай мемлекетке үлгі-өнеге ретінде ұсынған Қазақстан халқы Ассамблеясын құрып, бес рет қатарынан Әлемдік және дәстүрлі діндер қоғамшыларының съездерін зор табыспен өткіздік. Бабаларымыз мұрас еткен «Кен болсан – кем болмайсын» деген қағидаын басшылыққа ала отырып, әлі талай биіктерге жетеріміз анық.

2-бет

ТАМЫРЫ БІР, ТАРИХЫ ОРТАҚ

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай кеше Ақордада өткен Түркі мемлекеттері ынтымақтастығының бесінші саммитінің отырысында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев түркі әлемінің мәдени-ақпараттық даму стратегиясын іске асыратын беделді орталық құру мүмкіндігін зерттеуді ұсынды.

– Қазіргі жаһандану заманында түркі әлеміне ортақ ақпараттық кеңістік қалыптастыру қажет деп есептеймін. Ортақ түркі телеарнасын құру тұжырымдамасын қабылдау осы бағыттағы маңызды қадам болды, – деді Елбасы. ҚР Президенті өз сөзінде ендігі міндет

жобаны бірлесіп ойдағыдай атқарып шығу екендігін баса атап өтті.

– Түркістандағы Қ.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін Түркі әлеміне ортақ оқу орнына айналдырған жөн. Жастарды ортақ тарихи-мәдени мұралар негізінде тәрбиелеу біз үшін өте маңызды, – деді Елбасы.

Осы орайда ҚР Президенті Түркі академиясы дайындаған түркі халықтарының 15 ғасырға дейінгі тарихы туралы оқулық назар аударарлық еңбек екенін жеткізді.

– Аталған оқулықты елдеріміздің мектеп бағдарламаларына енгізу мүмкіндігін қарастырған жөн болар деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

● КӘСІПКЕРЛЕР КЕҢЕСІ

ЖОБАЛАРДЫ БАҚЫЛАУШЫ ЕМЕС, АЛҒА СҮЙРЕУШІ БОЛУ КЕРЕК

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың торағалық етуімен «Даму Өндіріс» өңдеуші өнеркәсіп саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру бағдарламасының жүзеге асырылуына арналған кәсіпкерлер кеңесінің кеңейтілген мәжілісі болып өтті.

Мәжілісті ашқан аймақ басшысы бүгінгі қалыптасып отырған ахуалға, экономиканың жағымсыз жағдайларына шолу жасап өтті. Әлемдік экономикада шикізат бағасының құлдырауы салдарынан облыста мұнай өндіру көлемі 7,5 пайызға төмендеп отыр. Соған байланысты бюджетке түсетін қаржы көлемі биыл 4,5 млрд теңгеге кемісе, 2016 жылы 11 млрд теңгеге дейін кеміуі мүмкін. Соның салдарынан құрылыс және кейбір басқа салалар бойынша жоспарланған жобалар қысқартыла түрады. Облыс экономикасына келетін инвестиция көлемі де 30 пайызға дейін кеміуі мүмкін деп күтілуде. Мұнай өндіру көлемі азаюымен сервистік компаниялардың жұмыс көлемі, қосымша орай жұмыс орны қысқарып, жалмақдан қарыз пайда болуы ықтимал. Облыс әкімі өңір экономикасындағы осындай

келеңсіздіктердің алдын алу шаралары жасалып жатқанына кеңеске қатысушылардың назарын аударды.

Қырымбек Елеуұлы теңге бағамының еркін айналымға жіберілуі бірден-бір дұрыс қадам екенін атап өтіп, жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру барысында экономиканың нақты саласында бәсекелестікті арттыру, өңдеу саласына жан бітіру, агроөндіріс кешенін көтеру, бизнесті дамыту және қолдау негізгі бағыттар болып табылатынын жеткізді. Кеңестің күн тәртібіне қойылып отырған мәселенің маңыздылығы да сондықтан делді аймақ басшысы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша хабарлама жасаған облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Мұрат Төлебаев бағдарлама шеңберінде бөлінген қаржының игерілу үлесі бойынша Қызылорда облысы республикада ең соңғы орыннан табылып отырғанын атап өтті. Аталмыш бағдарламаға Ұлттық қордан бөлінген 1 транш қаражатынан облыста 548 млн теңгеге 14 жоба, 2 транш қаражатынан 473,5 млн теңгеге 6 жоба иесілендірілсе, қазіргі 3 транш қаражатынан 350 млн теңгеге 2

жоба ғана қаржыландырылған. Бағдарламаға Қызылорда қаласы – 17, Шиели ауданы – 3, Жалағаш ауданы – 1 және Қазалы ауданы 1 жобамен қатысып отырса, қалған аудандарда бірде-бір жоба қаржыландырылмаған.

Басқарма басшысы бағдарламаға белсене қатысып жатқан банкітермен қатар сырт қалып жатқандары да бар екенін айтты. Несие қаражатын алуға ниет білдірген кәсіпкерлердің құжаттарын ұзақ ұстап, аптасына бір анықтама сұратып, соңында келгенде қаржыландырудан бас тартып жатады. Басқарма және өңірлік кәсіпкерлер палатасы тарапынан жобаларды қаржыландыру жөнінде банктерге ұсыныс енгізгеннен өзіне, жобалар «Бас банкімен қайтарылады» деп сылтау айтты. Мысал ретінде, «Бис-Групп» серіктестігі Жалағаш ауданында өз қаражатымен мия тамырын өңдеу зауытын салып, айналым қаражатын толықтыру және шикізат алу мақсатында осы жылдың 4 сәуірінде «Деснабанк» филиалына несие алу үшін өтінім білдірген. Бұл ретте жоба жетекшісі айтуы бойынша аталған банк филиалы жобаның қаржыландыруын әртүрлі себептермен бірнеше айға созған. Кәсіпкер мүлкін

бағалау және тиісті құжаттарды әзірлеу үшін 3 млн теңгеден астам шығынға ұшырады. Бағдарламаға үлесін қоспай отырған банкітер қатарында «Казкоммерцбанк» АҚ, «ВТБ Банк» АҚ ЕҰ, «Деснабанк» АҚ филиалдары аталды.

Мұнан соң барлық аудандар мен қала әкімі бағдарламаға қатысты есептерін берді. Бүгінгі таңда екінші деңгейлі банкітерде қаралып жатқан жобалар саны алтау болса, онан бөлек басқармалар бақылауға алған он жоба бар. Облыс әкімі аудан әкімдері, орынбасарлары, басқарма басшылығы, «Нұр Отан» партиясының жергілікті ұйымының басшылары жобалардың қаржыландыруына қолдау көрсету керектігін қатаң тапсырды.

– Жобаларға сырттан бақылаушы болып отырмай, оны алға сүйреуші болуға тиіссіздер. Өз балаларыңызды қалай мәңгілесеніздер, кәсіпкерлер жобаларын солай мәңгілеу керек! Экономиканың алға басуы, бизнестің өркендеуімен тікелей байланысты екенін еш уақытта естен шығармаңыздар, – деді осы ретте Қырымбек Елеуұлы.

Облыс басшысы бағдарламаға қатыспай отырған банкітер филиалдары атына қатты сын айтты. Облыс басшысы өзінің орынбасарлары С.Қожаниязов пен Ғ.Әміррекев осы банкітердің басқарма басшыларын шақыртып, мәселені төтесінен қою керектігін тапсырды.

БЫЛАРЫС ТӘЖІҰЛЫ.

БИЛІКТЕГІ КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Кеше ел билігіндегі бірқатар өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Дарига Назарбаева Үкімет басшысының орынбасары болып тағайындалды. Елбасы Жарлығына сәйкес осыған дейін Премьер-министрдің орынбасары қызметін атқарып келген Бердібек Сапарбаев енді Ақтөбе облысына жетекшілік жасайды. Ал төрт жыл бойы Ақтөбе облысын басқарып келген Архимед Мұхамбетов Қостанай облысының әкімі қызметіне тағайындалды.

● СҮЙІНШІ

ЖЕРЛЕСІМІЗ – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Ауыр атлетикадан Олимпиада ойындарының екі дүркін чемпионы Илья Ильиннің шәкірті Рүстем Сыбай Тайландта өтіп жатқан Азия біріншілігінде топ жарды.

Токсан төрт келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсететін жерлесіміз екі бағдарламаның нәтижесінде 383 (167+216) келіні бағындырып, қарсыластарынан оқ бойы оза шықты.

Бұл салмақтағы екінші орын корей атлеті Джунг Хен Сеопқа бұйырды. Ол қос жаттығудың нәтижесінде 376 келі зілтемірді көтерді. Ирандық Хашеми Әли де дәл осы салмақты бағындырған. Дегенмен, қос атлеттің салмағын салыстырған кезде Джунг Хен Сеоп жеңіп шығып шықты.



ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТАРИХЫ

Төртіншіден, біз іргемізді бекітіп, бірлігімізді бекемдеген соң әлемдегі ең дамыған елдердің тәжірибесін зерттеп, дамудың өзіміз жасаған жаңа моделі – «Қазақстандық жолды» ұсындық. Дамудың ең жарқын болашағын айқындаған «Қазақстан – 2050» стратегиясын түздік. Дәл осы құжаттың негізінде алға қойған мақсаттарымызды рет-ретімен жүзеге асырып, қуатты да табысты мемлекет орнаттық. Соның нәтижесінде экономикамыз аз ғана жылда ешқашан, ешкімде болмаған қарқынмен алға басты. 2014 жылы еліміздің Жалпы Ішкі Өнімі 1993 жылғы көрсеткіштен 19 есеге көбейді. Ол жан басына шаққанда 696 доллардан 13 мың долларға, яғни 18 есеге артты. 1993-2013 жылдар аралығында 200 миллиард доллардан астам тікелей шетел инвестициясын тарттық. Елдің әл-ауқатын барынша жақсартып, өркеніетті елдердің деңгейіне жеткіздік.

Бесіншіден, бабалар мирас еткен жеріміз қаншалықты кең болса да, бізде ұлы мұхитқа шығатын жол болған емес. Темір жол атаулы Қазақстанның байлығын тасу үшін тек солтүстікке қарай салынды. Тәуелсіздік жылдары біз жалпы ұзындығы 2500 шақырымдық темір жол салып, еліміздің барлық облыстарын бір-бірімен жалғастырдық. Нәтижесінде Қазақстанның болат жолдары Қытай арқылы Тынық мұхитқа, түрікмен жері, Парсы шығанағы арқылы Үнді мұхитына, Ресей арқылы Батыс Еуропаға, одан әрі Атлант мұхитына жететін болды. Бұған қосымша «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» еуразиялық автомагистралы да пайдалануға берілді. Ал, «Нұрлы Жол» бағдарламасымен елімізде жаңа 7 мың километрден астам автокөлік жолы салынып, барлық өңірлермен байланыс екі есеге жақын болады. ХХІ ғасырдың нағыз Жібек жолы деп осыны айтуымыз керек.

Алтыншыдан, қазақты өзге ұлттан далайтың – оның тілі мен мәдениеті, руханияты. Еліміз егемендігін алғаннан кейін жағдайдың қиындығына қарамастан тағдырдың жазуымен дүниенің төрт бұрышына тарылдай шашылып кеткен миллионнан астам қандастарымызды атамекенге қайтарып алып келдік. Бабалар тарихына қатысты дүние жүзінде архивтерінде шаң басқан тарихи құжаттарды алышып, том-том кітаптар мен оқулықтар шығарып, ата тарихтың ақиқатын түгенделдік. Тәуелсіздік жылдарында 1300-ге жуық мектеп, 1250-ге жуық денсаулық сақтау нысанын, тағы 4 мыңнан астам балабақша салдық. Халықтың орташа өмір ұзақтығы 72 жасқа жетті.

Азаттықтың алғашқы жылдарында «Болашақ» бағдарламасын әзірлеп, он мыңнан астам талантты жастарымызды шет елдердің ең беделді университеттерінде оқыттық. Қазір «Болашақ» түлектері басқару ісіне араласып, өздері ел болашағына қызмет істеуде. Кемелімизге келген соң еліміздегі барша орта білім ошақтарына үлгі болсын деп, республикамыздың әрбір өңірінде дүние жүзіндегі ең биік талаптарға сай «Зияткерлік мектептерді» аштық. Ал, күллі жоғары білім ор-



далары биыл алғашқы түлектерін ұшырып, әлемдік деңгейде танылып үлгерген «Назарбаев университетіне» қарап бой түзейді. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша ата-бабамыздың асыл мұрасын жинақтаған соң әлемдегі ең жаңашыл өнер ордалары саналатын Бейбітшілік пен келісім сарайы, Орталық концерт залы, Астана опера және балет театры, Ұлттық музей ғимараттарын салып, ұлт мәдениетінің әлемдік өркеніет биігінде дамуы үшін барлық жағдайды жасадық. Мұндай мәдениет ошақтары еліміздің әр өңірінде бой көтерді.

Жас ұрпақтың жаны сұлу, дені сау болуымен қатар күш-қайраты мол болуы үшін зәулім спорт сарайларын тұрғызып, қысқы Азиада ойындарын зор табыспен өткіздік. Лондон олимпиадасында ұлы жеңіске ие болдық, отандық спортшылар жарқын жетістіктерімен ел мерейін өсірді.

Жетіншіден, іргесі берік үйілің шаңырағы шайқалмайды. Жақында ғана біз Ата Заңымыздың 20 жылдығын атап өттік. Біздің Конституциясымыз ұлттық заңнама жүйесіне берік іргетас болып қаланды. Заң шығарушы, атқарушы билік пен тәуелсіз сот жүйесінің негізін құрды. Қазақстан Парламенті ең жоғары өкілетті орган ретінде өз міндетін абайроймен атқаруда.

Сегізіншіден, бабалар данқына мақта-нумен ішектелмей, үздіксіз алға жылжыған ел ғана озады. Осыдан ширек ғасыр бұрын ғана әлем картасында болмаған Қазақстан дүние жүзінің 56 елінің басын қосатын Еуропа қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына, 57 мемлекетті біріктіретін Ислам ынтымақтастық ұйымына абыроймен төрағалық етіп, ұлтымыздың рухын көтеріп, жұртымыздың еңсесін биіктеттік. Қазақстан алып құрлықтағы ең түйінді мәселелерді шешетін 30-ға жуық мемлекеттің басын қосып, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесін

құрып, оны әлемдегі беделді ұйымдардың қатарына қосты. Әлемдегі ең ықпалды халықаралық ұйымдардың біріне айналған Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымын құрудың басты бастамашыларының бірі болып, бірнеше рет биік деңгейдегі саммит өткіздік.

Біздің бабаларымыз – гүндар да, түріктер де, қыпшақтар да өткен замандарда Еуразиядай алып материктің басты интеграторы болған. Олар Ұлы даладағы алуан тайпалардың басын талай мәрте қосып, берекесі қашқан кезде сан рет жауларына жем болған. Біз де 20 жылдан астам уақыт бойы Еуразиялық Одақ құру туралы бастаманы табандылықпен ілгері жылжытып, оны бүгінде бас мемлекеттің басын қосатын посткөненік елдер ішіндегі ең үлкен экономикалық ұйымға айналдырдық.

Тоғызыншыдан, Астананың төрінде тұрып, бүгінде бар қазақтың ортақ мақтанышына айналған елордамыз туралы айтпау мүмкін емес. Астанамыз – жалаңаң танылған жұртымыздың жарқыраған жаңқты, Азаттығымыздың аттын қыраны! Елорданы салу тәуелсіз Қазақстанның өте күрделі мақсат қойып, оны табандылықпен орындай алатынын күллі әлемге айқын дәлелдеп берді. Бас қаласыз қазақтың абыройын асырып, мерейін тасытты. Досты сүйіндіріп, дұшпанның мысын басатын еңселі елордаға айналды. Астанамен бірге қалың қазақтың да даңқы артты. Еліміздің әр өңіріндегі басқа қалалар мен елді мекендер де Елордаға қарап бой түзеп, жарқырай бастады. Бүгінгі торқалы тойымыз өтіп жатқан Тәуелсіздік сарайы және Спорт кешені де осындай еңселі ғимараттардың бірі болмақ.

Оныншыдан, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарынан берік орын алып, әлемдегі үздік отыздықтың қатарына кіруді басты стратегиялық мақсат етіп қойдық. Алда Астанада әлемдегі ғылым

мен техниканың, өнеркәсіптің, жаңалық атаулының жетістіктерін насихаттайтын «ЕХРО-2017» көрмесін өткізу міндеті тұр. Қазір адамзат қоғамы жаңа индустриялық революцияның қарсаңында тұр. Оған Қазақстанның экономикасы мен өнеркәсібі дайын болуы үшін біз «Үде-мелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын» әзірлеп, жүзеге асырудамыз. Дүниежүзілік сауда ұйымына кірдік. Баршаға бірдей кәсіби, осы заманғы мемлекетіміз одан әрі табысты болуы үшін бес институционалдық реформа жүргізуді қолға алдық. Тиісті мемлекеттік органдар оны рет-ретімен жүзеге асыруға кірісіп те кетті. Бұл реформа бізді қана биіктерге бастайды.

«Егемен болмай ел болмас» дегендей, біз азаттық жылдарында шын мәнінде ұлы жолдан өттік. Тәуелсіздік кезеңі – біз үшін ғасырлар жүгін арқалаған ғаламат кезең. Кезінде Керей мен Жәнібекке ілесіп шыққан халықтың ұзын саны 200 мың шамасында екен. Бүгінгі күні сол қазақтың қатары жер жүзінде 15 миллионнан асып жығылды. Ал, егер қазақ өткен ғасырдың ашаршылығына ұшырамаса, өткен соғыста қырылмаса қанша болар еді?

Қазақтың өз ішіндегі береке-бірлігі күшті болуы керек. Данышпан Абайдың: «Бірңді қазақ, бірң дос, Көрмесен істің бірң бос», – деген өсиетін әрдайым естен шығармайық, ардақты ағайын. Алда қандай сын-қатерлер күтіп тұрса да бірлігіміздің арқасында біздің болашағымыз бүгінгіден де жарқын деп көміл сеніммен айта аламын.

Бәріміздің киелі атамекеніміз бар, ол – қазақтың Ұлы Даласы. Сол Далада бабалардың ізгі аманатын орындау жолында біз құрған қасиетті Отанымыз бар. Ол – Тәуелсіз Қазақстан. Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз, мәңгі сақтауға тиіс аманатымыз. Қасиетті Отанымызда қандай қиындықта да қайыспай

қарсы алуға лайық өршіл рухты, азат ойлы, жасампаз халық бар. Ол – ержүрек қазақ халқы. Сол қаһарман халықтың алға қойған ізгі мұраты бар. Ол – Ұлы Дала төсінде өзі құрған мемлекетті Мәңгілік Ел жасау. Ендеше, әрқашан еліміз аман, бауырымыз бүтін болсын. Сіздер мен біздер құрған Тәуелсіз Қазақстанымыз Мәңгілік Елге айналсын! Ұлы мақсаттарға жету жолында бізге батыр бабалардың аруағы жар болсын!

Қымбатты қазақстандықтар! 2 мың жылдан астам тарихы бар ежелгі Таразда бір айдан кейін Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған монумент салтанатты түрде ашылатын болады. Біз өзіміздің қасиетті жеріміздің тарихы бірнеше мыңдаған жылдарға кететінін есте сақтай отырып, өз бабаларымыздың естеліктері мен істеріне тиісті баға береміз. Ол Еуразияның өткен және қазіргі өркеніетінің өсіп-өркендеуінде өзінің айрықша ою-өрнегімен шебер өрлінген. Хроностың көзге көрінбейтін арқауы бізді Қытайдың мыңжылдық тарихымен және қазіргі кезімен, Таяу және Орта Шығыс, Азия құрлығының басқа да бөліктерінің өткенімен және бүгінгімен байланыстырады. Тілдік және мәдени байланыстар миррадасы арқылы біз өз бауырларымызбен – бүгінде Мұзды мұхит жағалауларынан Жерорта теңізіне дейінгі жерді мекендейтін түркі халықтарымен байланысамыз. Ұлы Түркі Елі – ол біздің ортақ бабаларымыз бен батырларымыз, ортақ рухани байлықтарымыз бар ортақ арқа Отанымыз. Ол – біздің бірлескен ұлы мұрамыз.

Біздің Ресей халықтарымен, бірінші кезекте, орыс халқымен жүздеген жылдарға созылатын бірлескен тарихи жолымыз бар. Тәуелсіздік жылдары ішінде біз Еуропалық одақ, Америка, Ислам әлемі елдерімен тарихымыздың бірлескен парактарына

ие болдық. Олар жаңа заман уақытының көптеген халықаралық оқиғалары, оның ішінде, біздің елімізде болған оқиғалар туралы баяндайды. Қазақстан әрқашанда өз көршілерімен арадағы достықты және сенімді көздің қарашығандай сақтап, одан әрі дамыта береді, әлемнің бүкіл елдерімен ізгілікті қарым-қатынастар орнатады.

ХХІ ғасырда да біздің жаһандық дамуға қосар үлесіміздің тек қана арта беретініне және әлемнің оны лайықты бағалайтынына сенімім мол. Біздің жеріміздің жүріп өткен және алда тұрған тарихи жолы ой елегінен өткізе отырып, бізге Қазақстанның жаһандық қоғамдастықта танымалдығы мен мәшһүрлігін кеңейте түсетіндей етудің маңызы зор. Әлемде қандай да бір халықтың өз мемлекетінің ресми атауымен бірге айрықша бейформальді ұғымды пайдаланатын мысалдары көп. Біздің қасиетті жерімізді ежелден Ұлы Дала, ал біздерді – Ұлы Дала ұрпағы деп атады. Оны сонау ерте замандардан бері туған жерге деген халықтық махаббатың домбыраның, қобыз бен жетігеннің жүректі арбайтын әуеніне айналыра отырып ақындар жырга қосты.

Біз бабаларымызда ешқашан болмаған адам айтқисыз жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар бар жаңа Қазақстанды құрудамыз. Біздің көптеген мыңжылдық тарихы бар жеріміз көз алдымызда өзгеруде. Қазіргі заманғы Қазақстанның әр ауылы мен қаласында болып жатқан өзгерістерге көк аспан куә. Дала көгіндегі Күн біздің ізгі істерімізге нұрын шашуда. Аспан мен Күн – біздің Туымыздың түсі.

ХХІ ғасырда далалық Еуразияның құшақ жетпес кеңістігі қайтадан түлеп, өркендеуде. Біз өз Тарихымыздың жаңа Шаһшарағын жастық. Сондықтан да бүгінде және әр кезде де біздің Қазақстан – ол Ұлы Дала Елі! Ол – түлеген Ұлы Дала Елі. Біздің сүйікті Отанымыздың халықтық аты да дәл осы. Ол біздің Отанымыздың өткенін де, қазіргісін де, болашағын да бейнелейді. Онда қазақстандық мінез бен оның негізгі сипаттары көрініс тапқан. Олар – біздің жаң-дүниеіміздің ашықтығы мен кеңдігі, біздің жүректеріміздің жылуы, қонақжайлылық пен бейбітсүйгіштік, кеменгерлік пен ойшылдық, еңбексүйгіштік пен іскерлік. Ол – сүйікті жеріміздің осы уақытқа дейін болмаған өркендеуіне қол жеткізудегі өзіміздің күшіміз бен мүмкіндіктерімізге деген сенім. Мен біздің жаңа Қазақстанның осындай бейнесінің әрбір қазақстандықтың ой-санасы мен жан-дүниесінен орын табатынына, бүкіл әлемде мойындалатынына сенімдімін.

Тағы да қайталап айтайын, біздің қасиетті жерімізді ықылым замандардан Ұлы Дала деп, ал бабаларымызды Ұлы Даланың ұрпақтары деп атаған. Біз – солардың жалғасымыз, Ұлы Даланың мұрагерлеріміз. Осынау кең-байтақ Ұлы Даланың көгінде халқымыздың бас жұлдызы болып Жаңа Қазақстан дүниеге келді. Біздің Қазақстанымыз – ұлы істердің ұйытқысы болған Ұлы Дала Елі! Бұл – біздің тағдырымыз! Бұл – біздің таңдауымыз! Мәңгілік Елімізде бейбітшілік пен береке болсын! Халқымыз аман болсын!

ҒАЛЫМДАР ПІКІРІ

Болат КОМЕКОВ, тарих ғылымының докторы, ҰҒА академигі:

– Астана қаласындағы Тәуелсіздік сарайында Елбасының қатысуымен өткен Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты шара өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Біріншіден, қазақ халқының тарихында алғаш рет ұлттың мемлекеттігі тоялынып отыр. Ата-бабаларымыздың осыдан бес жарым ғасыр бұрын, яғни 1465 жылы Қазақ хандығы мемлекетін құрғаны баршамаызға тарихтан жақсы мәлім.

Бұл шара арқылы біз екінішіден, қазақ халқының мемлекеттігі ғасырлар бойы жалғасып келе жатқанын өзгелерге тағы бір дәлелдейміз.

Үшіншіден, бұл мереке елге өте керекті дүние. Өйткені, мұндай иті шаралар тарихи сана-сезімді қалыптастырады. Егер жүрегімізде сенім, санамызда мемлекетшілдік сезім қалыптаспаса онда әрі



жазылған ата тарихының әр парағы ерекше қымбат екенін ықтады. Тәуелсіздіктің арқасында ата-бабаларымыз қалдырған ұлан-ғайыр жердің халықаралық құжаттарға сай рәсімделгеніне, атамекеннің халқымызға қасірет әкелген қыру-жою қаруынан азат етілгеніне тоқталды.



жерін жаудың баспауын, елден құт-береке қашпауын тілеген. Енді міне, сол дана халықтың қазіргі ұрпағы Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлауда.

Мын өліп, мың тірілген қазақ қаншама қиындықты артқа тастады. Қазақ хандығы кезеңі ат жалаңда күн кешкен Алаш жұртының қаһармандық дәуірі саналады. Ел билеген хандардың өмірі майдан шөбінде өтті. Тарих беттеріне үнісек, қазақтың алғашқы он

карай батыл қадам басуымыз қиын болады. Міне, сондықтан да Қазақ хандығының бес жарым ғасырлық мерекесін бүкіл ел болып атап өту – өте қажетті шара деп есептеймін. Бұл біздің рухымызды көтере түседі. Өткенін ұлықтап, болашаққа батыл қадам басқан Қазақстанның келешегі зор.

Берекет КӨРІБАЕВ, ҰҒА корреспондент-мүшесі, әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры: Бүгін біз Қазақ хандығының 550 жылдығы мерекесін тұңғыш рет салтанатты жағдайда атап өтіп отырмыз. Мемлекет басшысы тарихымыздың терең кеңдігін, бес жарым ғасырдан бері мемлекеттігі бар халық екендігімізді айтты. 9 қазан күні екі мың жылдық тарихы бар Тараз қаласында Қазақ хандығының 550 жылдығы құрметіне үлкен ескерткіш пен мұражай ашылатынын жеткізді. Бұл біздің көкірегімізде қуаныш ұхпалады. Енді менің тарихшы ретіндегі ұсынысым мынау – нақ осы күнді немесе

Елбасы осы мерекені кең көлемде атап өту жөнінде ұсыныс айтқан күнді белгілеп алып, ғылыми ортада БАҚ өкілдерінің қатысуымен жыл сайын атап өтіп отыруымыз керек. Келесі бір ұсыныс – Қазақ хандығының мерекесі әрбір 25 жыл сайын жоғары деңгейде атап өтілсе.

Елбасымыз Н.Назарбаев салтанатты жиынды ашар тұста Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесін атап өту батыр бабаларымыздың рухына тағзым екендігін айтты. Тәуелсіздік жылдарында қазақ хандығының негізін салушы Керей мен Жәнібекке, Өбікбайлар ханға, Қабанбай мен Бөгенбай батырларға ескерткіш орнатылып, көше атаулары берілді. Осындай ұзақ уақыт бойы ескерусіз қалған асылдарымыз халқымен қайта қауышты. Ендігі жерде Қасымнан бастап Салқам Жәңгірге, өз Тәукеге дейінгі барлық хандарға сондай құрмет көрсетіліп, есте қалдыру шараларын үзбей жалғастырып отыруымыз керек.

МЕРЕЙТОЙҒА СЫР БОЙЫНЫҢ ТАРТУЫ

Кеше Астана қаласында Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы аясындағы шаралар басталды.

Мерейтой Тәуелсіздік сарайында Елбасының қатысуымен өткен салтанатты жиынан бастау алды. Осы күні түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің 5-ші саммиті өтіп, «Барыс» мұз айдынындағы театрландырылған қойылым ұйымдастырылды.

Ал бүгінгі шаралар «Қазақ елі» ескерткіші алдындағы этноауыл алаңында ұйымдастырылады. Сыр өңірі этноауылда ұлттық нақшаша жабыдықталған 3 кпіз үй тігісді. Сонымен қатар ұлт тарихын ұлықтаған мерейтойлық шараларға Қызылорда облысынан барлығы 150-ге жуық өнерпаздар мен мәдениет саласының қызметкерлері қатысуда. Концерттік бағдарламада Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі Сыр сазын әулетіп, «Томирис» бп ансамблі, жирышы-жыраулар, балалар шығармашылығы фестиваліндегі лауреаттары өнер көрсетеді.

Бағдарлама аясында Сыр елі өнер шеберлерінің 1 сағаттық концерті, «Ұлықталсын Ұлы Дала тарихы» атты облыс музейлері қорындағы жәдігерлер көрмесі, көлөнер бұйымдарын

жасау бойынша шеберлік дәрістері ұйымдастырылып, оны тамашалаушылар Сырдан жеткен ұлттық тағамдардан дом татады. Облыс өнерпаздары мерейтой шаралары аясында өтетін «Сықпыры би әлемі» атты би фестиваліне, «Ғасырлар үні» атты этно-концертке және гала-концертке қатысады.

Сонымен қатар, мерейтой шеңберінде «Думан» ойын-сауық орталығы алдында Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізіледі.

Сыр елінен жәрмеңкеге жалпы құны 71709, 9 мың тенге болатын 424, 19 тонна өнім әкелінді. Жәрмеңкеде аймақтың брендiне айналған Сыр маржанынан бастап жеміс-жидек, көкөніс, ет, сүт және тағы да басқа 37 түрлі өнім нарықтық бағадан 15-20 пайызға төмен сатылады.

Сыр өңірінен мерейтойлық шараларға 20 делегат қатысады. Облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы бастап келген делегация құрамында сала басшылары, кәсіпкерлер, ардагерлер, оқу орындары мен ҰЕҰ басшылары, ғалымдар және БАҚ жетекшілері бар.

Е.ӘБДІР

Айтжан ОРАЗБАҚОВ, Қорқыт ата атындағы ҚМУ “Қорқыттану және өлке тарихы” ҒЗИ директорының орынбасары, тарих ғылымының кандидаты.

● БРИФИНГ

КРАСНОДАР ӨЛКЕСІНДЕ ТӘЖІРІБЕ АЛМАСТЫ

Қыркүйектің басында Ресейдің Краснодар өлкесінде Қазақстан, Қырғызстан және Ресей мемлекеттерінің ауылшаруашылық өкiлдері бас қосып, «Дала күйі» семинары өтті. Біздің облыстан жасақталған делегация құрамы аталымшыл тәжірибе алмасу шарасына қатысып қайтты. Осыған орай, басқосудан оралған бақысқан бірқатар өндіріс жетекшілері «Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында журналистермен кездесіп, көңілге түйген ойларын ортаға салды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Өмірхан Пашкенов, Қазақстанның Еңбек Ері «Абзал және К» ТС директоры Абзал Ералиев, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күрші F31 директоры Серікбай Өмірзақов және «Тан ЛТД» ЖШС директоры Имамзада Шағинтаев қатысқан жиын барысында аймақтағы агросектор саласындағы жаңалықтар мен жетістіктер туралы әңгімеледі.

Бүгінде облыс аумағында 20-дан аса ауылшаруашылық жайықтары 64 мың га жерге егілсе, оның тең жарысы Сыр салысы құрайды. Қазіргі таңда, негізгі экспортталушы тауар да осы күріш. Басқарма басшысының орынбасары О.Пашкенов соның арқасында ресейлік агрономдармен ынтымақтастық, әріптестіктің дамып келе жатқанын атап өтті.

Қазір аймақта егіліп жатқан күріштің

76 пайызы Ресей, қалған 24 пайызы Қазақ күрші F31 селекциялау тәсілімен алған отандық сорттан болатын отыр. Ресейлік әріптестердің жылды күріштің 2-3 түрін селекциялық жолмен алып отыратын тәжірибесі қызылордалық дикандарға пайдалы болады. Олар ресейлік әріптестерінің жана сорттар шығару технологиясымен, агротехнологиялық талаптарымен және күріш дақылның түрлі ауруларымен күресу әдістерінің тәжірибелерімен танысып қайтты. Осы орайда екі елдің арасында тығыз қарым-қатынас орнату қолға алынып, оны әрі қарай дамыту жоғарыланатын отыр. Сондай-ақ, облыстың озық күрішшілері осы айда Сочи қаласында өтетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесіне қатысуға ниетті.

Өз кезегінде Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев сапар барысында күріштің ресейлік «Партнер», «Титан» и «Крепыш» секілді жана сорттарымен танысқанын, олардың арадағы уақытта облысымызда жерсіндіруді



кездейтінін айтты. Бұл отандық өнімнің сапасына оң әсер етіп, бәсекелестігін арттырмақ.

Іссапар қорытындысында Бүкілресейлік F31-мен тәжірибе алмасып, күріш өндірісін ғылыми-зерттеу, әріптестік бағыттағы меморандумға отырып, келер жылдағы көктемгі егісіне қажетті тұқымдар алып келу мәселесі қарастырылған.

Бүгінгі таңда облысымыздың тұқым шаруашылықтары 630 тонна ресейлік күріш тұқымына өтімін білдірген. Күріш сорттарын жеткізіп, тартумен «Байқоңыр» ӨҚК ҰҚ» АҚ айналысатын болады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ - ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Бейсенбі күні Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада облыстық ішкі саясат басқармасы мен дін мәселелерін зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Зайырлы мемлекет – қоғам дамуының кепілі» атты ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Оған дінтанушы ғалым, Л.Г.Умиев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Досай Кенжетай арнайы келіп, баяндама оқыды.

Аталмыш шара қалықтын дінн және құқықтық сауатының деңгейін көтеру, зайырлы мемлекеттің мәні мен ерекшеліктерін және оның негізгі қағидаларын түсіндіру, қоғам дамуындағы рухани құндылықтардың маңыздылығын айқындай түсу мақсатында ұйымдастырылды.

Конституцияның бірінші бабында көрсетілгендей, еліміз демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылады. Яғни, бірнеше ұлт пен ұлесті бір шапырақ астына біріктірген елімізде діліне, ұлттына қарап кемсіту жоқ.

– «Ал мемлекетіміздің зайырлы қелбеті – қоғам дамуының кепілі және бірлік пен тұрақтылықтың негізі», – дейді ұйымдастырушылар. Алайда, ғалымдар біздің қоғамда «зайырлы» деген осы ұғымды әртүрлі түсініретін топтар, ұйымдар пайда бола бастағанына

көпшілік назарын аударып отыр. «Сондықтан, әсіресе, жастар арасында аталмыш ұғымды кеңінен түсіндіріп, мәнін ашып көрсетудің маңызы зор», – дейді дінтанушы ғалым. Оның айтуынша, Елбасымыз зайырлық ұстанымына ұстаным ретінде емес, құндылық ретінде баға береді. Ол «Мәңгілік ел» идеясы негізінде көрініс тапқан дегенге сәйкес ғалымның пікірі. Ал жастар арасында еліміз ұстанған осы бір құндылықты жіті түсіндіру мақсатында ғалымдар мен сала мамандары бірлесіп жұмыс жасап жатыр екен.

– Кейбір жастарымыздың арасында зайырлықты дінісіздік, атеизм ретінде танытып жатқандар бар. Сондықтан зайырлықты кеңінен түсіндіру үшін дін турғысынан ғылыми танымды арттырумыз керек. Ғылыми тұрғыда ашып айта болсақ, зайырлық бұл – мемлекет пен дінін басқару және

құқықтық тетіктері жағынан ажыратылуы деп қаралады. Енді біз зайырлы мемлекет екенімізді тарихымызбен, өткенімізбен дәлелдеуіміз керек. Осы орайда, ата әлемге танылған ғалым-ғұламаларымыздан қалған еңбектерінің маңызы зор. Сондықтан да оларды бірділікке салып, ғылыми айналымға енгізуіміз басты ұстаным ретінде алып отырмыз, – дейді Досай Кенжетай.

Ғалымдардың айтуынша, IX-XII ғасыр аралығында қазақтан 370-тен аса ғұлама шыққан. Олардан мұра ретінде 580-нен асатын ғылыми еңбектер, трактаттар бүгінге күнге жеткен. Бұлардың көбісіне ислам дінінің құндылықтары мен тілі мәселесі арқау болған екен. Дінтанушылар осындай мол мұраны игеру арқылы жастардың ғылыми танымын арттырып, бүгінгі қоғамдағы сәлофиялық, уахабилік немесе дәстүрлі ислам арасындағы диалектикалық қайшылықтарды

М.ТОҚТАСЫНҚЫЗЫ.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан к., и.с, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 40-11-91 (7080), zhsuprova.a@orda.gov.kz «Б» қорпысы бас мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялады:

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы (D-0-1 санаты – 1 бірлік). Қызмет атқарған жылдары байланысты лауазымдық жалақысы 140298 теңгеден 189627 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Басқарма жұмысын ұйымдастыруда және жалпы басшылық жасауда; Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және функцияларының жүзеге асырылуына жауап беріп; Басқарманың мемлекеттік органдарына, басқа да ұйымдарға мүддесін қорғайды. Өз құрметі шегінде құқықтық актілер қабылдайды. Өз орынбасарлары мен басқарманың құрылымдық бөлімше басшыларының, басқа да жауапты қызметкерлерінің өкілеттіктерін айқындайды. Облыс әкіміне негізгі бағыттар бойынша ұсыныстар береді және әкімдік отырастырғына материалдар дайындайды. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика немесе қаржы немесе мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе билік немесе құқық (құқықтану) мамандығы бойынша жоғары білім;

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі төрт жылдан кем емес;
- 2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша шетелдің жоғары оқу орнындағы Шетелде қаулап даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;
- 3) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өте лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;
- 4) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес сапаларда жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, оның ішінде ұйымдардың басшылары және олардың орынбасарлары лауазымдарында екі жылдан кем емес;

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Жікшімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қару тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандығына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білугі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті болып табылады.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі 1 фотосурет пен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы (Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізбегінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама);
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының және куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкелетті органмен белгілеген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тәсілдеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бас лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақсында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тарту үшін негіз болмайды.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (қадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар білімге, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және бөделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, міндеттемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өте де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігетін мұқабда орналыстырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзіміне бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық пошта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімесу басқармасына жеткізіп, құжаттардың түпнұсқасын қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттардың қатыстырылуына жол береді.

Сарашын ретінде конкурс жарияланған құжаттардың түпнұсқасын берілген жағдайда тұла эңгімесуіңден өтуге жіберіледі.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде («Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі: 120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, и/з, № 602 бөлмеде қабылданады).

Әңгімесуіңе жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімесуіңе өткізу туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарланып отырады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімесуіңе «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі:

120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, и/з, әңгімесуіңе шақырған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде өтесі.

Конкурс комиссиясы жұмысмын ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар қатыстырылуға қол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы әкімшілік басқармасының басшылары, басқа да жауапты қызметкерлері, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялық өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімесуіңе басталуына 1 жұмыс күні қалғанда дейін кешкірлерді персоналды басқару қызметіне (қадр қызметіне) тіркеледі. Тіркеуі үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (қадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тісінсілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жарияланған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бас лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бір тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылау бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» қорпусының бас мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Қокшетау, Павлодар, Тарау, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтөу және Шымкент қалаларындағы аймақтық тәсілдеу орталықтарында белгілеген тәртіппен өтеді.

D-0-1 санаты үшін тәсілдеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуіне тест (20 тапсырма), догматик тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестіке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары: «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Жікшімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қару тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік қорғастігін қызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Аталым лауазымдарға орналасқан адамдар үшін қотерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

«Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

«Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан к., и.с, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 40-11-91 (7080), zhsuprova.a@orda.gov.kz «Б» қорпысы бас мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялады:

Қызылорда облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы (D-0-1 санаты – 1 бірлік). Қызмет атқарған жылдары байланысты лауазымдық жалақысы 140298 теңгеден 189627 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Басқарма жұмысын ұйымдастыруда және жалпы басшылық жасауда; Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және функцияларының жүзеге асырылуына жауап беріп; Басқарманың мемлекеттік органдарына, басқа да ұйымдарға мүддесін қорғайды. Өз құрметі шегінде құқықтық актілер қабылдайды. Өз орынбасарлары мен басқарманың құрылымдық бөлімше басшыларының, басқа да жауапты қызметкерлерінің өкілеттіктерін айқындайды. Облыс әкіміне негізгі бағыттар бойынша ұсыныстар береді және әкімдік отырастырғына материалдар дайындайды. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика немесе қаржы немесе мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе құқық (құқықтану) немесе қызмет көрсету (қадір немесе жеке орналастыру) немесе техникалық ғылымдар және технологиялар (геодезия немесе картография) немесе ауылшаруашылық ғылымдарды (агрономия) мамандығы бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі төрт жылдан кем емес;
- 2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша шетелдің жоғары оқу орнындағы Шетелде қаулап даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;
- 3) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өте лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;
- 4) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес сапаларда жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, оның ішінде ұйымдардың басшылары және олардың орынбасарлары лауазымдарында екі жылдан кем емес;

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары: «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Жікшімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қару тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандығына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білугі.

● ҒИБРАТ

Оның Жалаған ауданында дүниеге келіп, өсіп-ержетіп, мектеп бітіргеннен кейінгі бүкіл саналы ғұмыры, еңбек жолы Сырдария ауданында өтті. Алматы бұл дерістерін - жоғарыларлық институтын бітіргеннен кейін алғашқы еңбек жолын осы аудандағы Аманкелді атындағы шаруашылыққа бас зоотехник қызметінен бастады. Тынымсыз ісі, тыңдырмды еңбегі, біліктілігі арқылы шаруашылықтан аз ғана жылдары ішінде жедел өркендеп, асыл тұқымды қаракөл қойын өсіретін арнайы совхозқа, осы саланы өркендетуге арналған ғылыми-зерттеу институтына айналуына ерекше үлес қосты.

Ұйымдастырушылық қабілеті, іскерлігі, біліктілігі жоғары жас маман қол қозғай осы шаруашылықпен іргелес «Жетікөл» совхозына директорылық қызметке жоғарылатылды.

Ол осында да күн-түн жүріп, айнабай еңбек етті, адал тер төкті. Барлық көрсеткіштері төмендеп, тұралап қалған шаруашылықтың бойын тіктеп тұрып кетуге аз ғана жылдар ішінде қол жеткізді. Бұдан кейін ол өмірінің соңына дейін Сырдария ауданында ауыл шаруашылығы басқармасы басшылығында маң шаруашылығы жөніндегі орынбасары қызметінде болды.

Сартай Мықанұлы өз ісін ерекше жетік білетін, оның ішіне енген, соның үстінде жанып, қайнап-піскен жан еді. Қай кезде, қай мезгілде болмасын мал шаруашылығы жөніндегі бар мәлімет жадында тұратын. Аудандағы 200 мыңнан астам қой, 20 мыңға жуық ірі қара, он мыңнан астам жылқы, 2 мыңдай түйенің жай-жағдайын қорадағы қойындай білетін. Осыншама малдың қысқы қонысы, жазғы өрісі, осы өңірдегі өзен, су, көл, құдық жайында алақанында тұрғандай айтып отыратын. Қиын кезде, қыстадан шақта қашанда малшылардың жанынан табылатын өз адамы, «өз Сартайларды» еді. Облысымызға белгілі шопандар Қалайбай Бимразаев, Сейітбек Минайдаров, Малиер Асанов, Байзақ Әубәкіров, бақташы Жылқыбай Жүсіпов, Әлі Усенов, жылқышы Жүсіпшайық Баянбаев, түйекеш Қалжан Мүйтенов, Арыстан Рүстемов және басқаларымен ағалы-інілдей болып кетті.

Бесарықтық белгілі шопан Қалайбай Бимразаев ауына анса жүреті көрінігін, мейлінше ақ көңіл, ақкелген жан еді. Жаны ұғас, мінезі үндес болғандықтан ба, Сартайда деген ақылсыз-пейілді өзгеше еді. Тұған інісіндей көретін, сал уақыт немесе, көрмесе сағынып қалатын.

Еңбеккеш шопанның Сарысу мал жайылымындағы жайлауында салған үйі, бау-бақшасы болды. Осында скважина суымен жайықтайтын ағаш өсірді, бақша дақылдарын етіп, қуаң-қарбыз жинады, үй алдына тоған жасап, сары сазандарын тулатты. «Осындай бәрін сендер үшін жасап жүрмін ғой, неге жиі келмейсіңдер, Сартайжан-ау» деп жатқанының да қол болды.

Сартай Мықанұлы шаруашылық басқаруы Өзбаси Оразғалиев, Айдарбек Қалдықұлов, Өзбекбай Досмағамбетов, Жаркынбек Өнуаров, Нартай Өбуов, Өнуарбек Қалтаевтармен сыйлас, сырлас, дос, жолдас болды. Бірақ ол жайышылыққа қаншама қарапайым болғанмен, белгілеген тапсырманы талап етуде, мал есебін аудла жауапкершілігі қатал етеді. Ауызша уәдеге, құрғақ сөзге сене бермейтін, «Мынадай межелден қалай да шығамыз» дейтін басшылардың үзгесін жазбайша алатын. Әрі барлығын біліп отыратын маманға мал есебін

тапсыру да оңайға соқпайтын.

Ол аудан басшылары Еламан Жүнісбаев, Нәлхожа Ерғисбаев, аудадық және атқару комитетінің төрағалары Жұмабай Бәкішев, Мақсұт Өбдіразақов, Елеу Кошербас, Сейітбек Шауаханов, Сәмит Далдабаев, Оналбек Сәпиевтермен қызметтес болды. Олардың барлығы да Сартай Мықанұлының өзі айналысатын саланы мейлінше жетік білетін зеректігін, іскерлігін қатты құрметтейтін. Әсіресе ауданды 18 жыл үздіксіз басқарған Еламан Жүнісбаевтың

Адамдарға деген айрықша адал көңілі, жылы мейірі, шауқаты жүзі, өнегелі ісі арқылы жұрт жадында қалған, жүрегінде сақталған ерекше жаңдар болады. Оның есімі еске түсіп бейсауат аталған сәтте бей-жай қала алмайсың. Қымбат бейнесі, нұрлы жүзі көз алдыға келіп, жаңға жарық түскендей жадырап қаласың. Кеше ғана аразмызда жүрген аяуды да асыл азамат, ұзақ жылдар шаруашылық басқарған білікті басшы, бірегей ман-дар Сартай Мықанов осындай жан еді.

САРТАЙЫ ЛІНІҢ

Сартайға деген ақыл, құрметі айрықша еді. Ол сапаға байланысты түйінді мәселелерінің ішінде Сәкен берген мәліметтерге сүйенетін, Сәкен айтқан ұсыныс-пікірлерге сенетін, саланы терең білетіндігін құрметтейтін. Әрі кет келген кезде Сәкенді телефонмен болса да тауып алып, қажетті мәліметтерді сұрап отыратын.

Бірде Сәкеннің мынадай әңгіме айтқаны есімде. «Мезгіл кештеу еді. Бір досымыздың үйінде қонақта отырғанбыз. Жанымадағылардың жамырай сөйлесіп, дабырласып, даудыласып отырған кезі болатын. Бір кезде телефон шыңдырлады. Үй иесі көтеріп, «Иә осында. Қазір шақырылған» деді. Іле маған «Исполком председатели шақырып жатыр. Телефонға кел» деді. Атқару комитетінің төрағасы институтқа катар оқыған, менен есі-түш жас кішілгі бар, бір жағы інімзі әрі дос-құрбымыздай болып кеткен сыпайы жігіт еді. Телефон тұтқасын ұстағаннан «Қалай, Сартай, жағдай жақсы ма?» деп амандық сұрады. Бұрын кездескен сайын «Сәке, Сіз» деп сызылып жүрген інімздің бірден «Сенге» басқанына көдімдідей тіксініп, шамданып қалдым. «Иә, өзін қалайсың. Не болып қалды? Мен саған қай кезде Сартай болып едім?..» деп бастырмалатып келе жатыр едім, арқажақты кісі үндемей қалды. Телефон да үзіліп кетті. Жүрегім бір жайсыздықты сезгендей айыр-жып қалдым. Үй иесінен «жана телефон соққан кім еді?» деп қайта сұрадым. Құлағы ауырлау есітетін жігіт еді. «Исполком төрағасы ғой, жана өзін сөйлескен жоқсың ба?» деді. Сәлден кейін телефон қайта шыңдырлады. Тағы да мені сұрап жатыр екен. Бармаң өз бағытың екен. «Сартай, саған не болған? Елекең «Сәке» деп айтпайтын деп ұрыспыс ғой. Байқамайсыңдар ма?» деп ренім білдірді. Қатты қысылдым. Маңдайымнан тер де шығып кетті. Өзім ерекше құрметтейтін, туған ағайымдай қамқорлық жасап жүрген басшыны ренжітіп алдым ба деп түні бойы көз ілемді. Ертемен тұрып кешірім сұрауға басшының үйіне бардым.

Қысылып, қымтырылып, әрең кірген мені Елекең күліп қарсы алды. «Қалай, Сәке, жағдай жақсы ма?» деді. Онан сайын қысыла түстім. «Абыржыма, білмегенінді байқадым. Мүндай жағдай бола береді» деп түсіністікпен қарағаны көңілдімі орнына түсірді. Бүгін күн демалыс қой, уақытың болса, қыргызулыға барайық» деді. Құянып кеттім. «Қиым ауыстырып келмейсің

атқарып жүрген Алматыдағы ірі кәсіпорындарды қатарыла! Тұрлан облыстық салық комитетінде жұмыс істейді. Бердібек «Мелнотор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. Немере-шөберелердің қызығын көріп, Мықановтар әулетінің шырағын сөндірмей, шырайын шығарып отырған Шырыңкүл – ардагер ұстаз, бақыты ана.

Жақсы мінезі, аңқылдаған ақ пейілі, адал көңілі арқылы өзі қызметтес болған, араласқан адамдардың бөрінің де сүйіктісіне айналған Сартай Мықанұлы көзі тірі болғанда бұл күндері 80 жасқа толар еді. Дегенмен, көп нәрсеге шүкіршілік жасауға болады. Асыл жанның ғұлында қалған, қазір де әке үмітін ақтап, аманатын артығымен орындап жүрген ұлағаты ұрпағы өсіп келеді. Көптің көңілінде, жүрек терінде оның жарқын жүзі, өнегелі ісі қалды. Біз де сүйікті Сәкенге деген жылы лебізімізді өлең жолдарымен аяқтағанды жөн көрдік.

Жарқылдап жанап жүретін, Аңқылдап адал жүретін, Жұмылып іске өзгені, Жұмысын ғана білетін, Қыздырған еңбек көрігін, Сартайы еді елінің.

Бойында қайрат қайнаған, Табында істен таймаған. Оята қалсаң түнде де, Ойында ақлар сайраған. Ақтаған көптің сенімін, Сартайы еді елінің.

Айбаты асқақ таулаңдай, Қайраты қарға дауылдай. Жүрегі нәзік, жаны жаз, Бар жұртқа болған бауырдай. Ақтаған көптің сенімін, Сартайы еді елінің.

Өзінен істі кем білмей, Ұрпағы өсті өңірдей. Ая

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫ

ҚИЛЫ КЕЗЕҢ



Қазаққа қатты өшіккен көшпелі мемлекеттің алғашқы билеушісі Батыр қонтайшы еді. Ол Тарбағатай тауының бөктерінде 1640 жылы құрылтай шақырып, онда барлық Ойрат тайпаларына ортақ «Цааджин бичиг» (Дала ережесі) деп аталатын заң қабылдады. Батыр көрші жатқан Қазақ хандығының тамырын басып көру үшін сол тұстағы қазақтың найман Токымтай (Төртқара) би, арғын Нұрқожа би, шапырашты Дәулет би тәрізді ірі билерін де осы құрылтайға қонаққа шақырып, олардың иықтарына екіжүзділікпен шапан жапты да, көп кешікпей-ақ қазақ жеріне қанды жорығын қайта бастап жіберді. 1643 жылы еңсегей бойлы ер Есімнің ұлы Жәңгір асығыс жиналған аз ғана қолмен Орбұлақта Батыр қонтайшының 50 мыңдық әскеріне қарсы тұрады. Алшын Жалалтос батырдың бастауымен Алты ата Әлім руларынан жасақталған 20 мың сарбаз келіп жетпегенде, қазақтар қиын жағдайда қалатын еді.

Бірбеткей де қайсар Жәңгірді халық құрметтеп «Салкам Жәңгір» атандырды. Алайда Жәңгірдің қалмақпен жекпе-жекте қайтыс болуы жағдайды ушықтырып жіберді. 1653 жылы қайтыс болған Батур қонтайшының орнына таққа таласқандар арасынан жеңіске жеткен Қалдан Бошоқты қазақтарға қарсы жана соғысты жалғастырды. Ол 1680 жылы Жаркент қаласын басып алып, батысқа жылжыды. Алайда 1681 және 1683 жылдары оның әскерлері Сайрам қаласын жанталасып қорғаған қожалар мен дулаттың Сиқым, Ботбай тәрізді аталарынан жасақталған сарбаздардан оңбай жеңілді.

Осы тұста жоңғарлардың өзара алауыздығы өрши түсіп, олардың біразы батысқа қоныс аударып, Еділ мен Жайық арасын қоныс етті. Мұның өзі қалмақтардың батыстағы қазақтарға жортуылдарының басталуына жол ашты. Осылайша, қазақтар екіжақты қыспаққа қалды. 1685 жылы Қалдан Бошоқтының қолбасшысы Сеуан Рабдан Сайрам қаласына үшінші рет жорық жасап, қаланы басып алып, халқын аяусыз қырды. Бұл жолы қалмақтар айтарлықтай табыстарға жете тұрса да, шапырашты Қарасай, арғын Ағынтай, найман Көксерек, қанды Сарбұқа батырлардың тайпалық жасақтарына кездесіп қалудан қаймығып, Тәуке хан отырған Түркістан қаласына жақындауға бата алмай қайтып кетті. Жоңғарларға қонтайшы болған соң Сеуан Рабдан қазақ жеріне 1711-1712, 1714, 1717-1718 жылдары бірнеше дүркін ауыр жорық жасады. Әрі Қазақ хандығымен, әрі Цинь империясымен болған қатыгез соғыстар ақырында жоңғарлардың өздерін тұрлатты. Оның үстіне «жығылғанға – жұдырық» дегендей, осының алдында үш жыл бұрын қатты қыстың салдарынан болған қырғын жұт оларды тағы да осыратып кетті. 1717 жылы Тәуке қайтыс болған соң, қазақтың төбе билері оның ұлы Болатты таққа отырғызды. Тәукенің өлімі ата жау – жоңғарлардың енесені тіктеп, оларды қазаққа қарсы жорыққа қайта ынталандырды.

Алғаш жоңғарлар Қаратау бағытында Ұлы жүз рулары мекендейтін аймақтарға ауыз салды. Осы маңда қазақтың Үш жүзінің хандарының (Әбілқайырдың, Жолбарыстың, Болаттың) аралары жақын орналасқан еді. Қазақтар осындағы өзендер бойында қорған қамалдар салып, жоңғар әскерлерін осындай бекіністер маңында күтіп алды. Бұл шайқастарда қазақ батырлары ерекше ерлік көрсетті. Бірақ мұндай ерліктер рулық бытыранқылықты жоя алған жоқ. Рулық батырлардың сонынан ішесен асығыс жасақталған қазақ жасақтары тонаушылық соғысқа алдын ала дайындалып, зеңбірек сүйретіп, тығыз топтасқан қалмақ әскерлеріне тұрақты қарсылықтар көрсетуде қауқарсыздық танытты. Оның үстіне, осындайда Үш жүздің басын қосып, ортақ мақсатқа берік ынталандыратын Тәуке ханның орны үндейріп тұрды. Оның тағына отырған Болаттың билігі босан болып, ол қазақтарды қанағаттандырмады. Осындай әлсіздік Әбілқайыр басқарған қазақ қолдарының 1718 жылы Аяғөз шайқасында жеңіліп қалуларына алып келді. 1722 жылы шығыстағы Цинь империясының бодғдахына Кассидін қайтыс болуы және осыған байланысты олардың жоңғарларға өздерінің саясатын өзгертіп, бітімге келуді ұсынулары Жоңғар хандығын күшейте түсті. Сондықтан да қонтайшы Сеуан Рабданның жинаған 30 мың адамнан тұратын әскерін бастаған оның баласы Шоно Лоу-жан 1723 жылы ерте көктемде Шу мен Талас өңіріне басып кірді. Жау Дулат руларын және оларды қолдаған Ысты, Ошақты тайпаларын жаппай қырғынға ұшыратып, олар Ташкентке қарай шегінуге мәжбүр болды.

1724 жылы Әбілқайыр мен Сәмеке хандар басқарған батырлар қасиетті Түркістанды жау қолына бермеу үшін жанталаса күресті. Алайда зеңбірекпен атқылаған жоңғарлар қала қорғанын тас-талқан етіп қиратты. Қазақ рулары соңдарына түскен қалмақ басқаруынан бас сауғалап, Ташкенттің айналасына да тұрақтай алмай, Ходжент маңына және Шығыс Бұқарадағы Нұратаға дейін көшіп барды. Бұл қасірет «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен халық жадында саңдаған ғасырлар бойы сақталып қалды. Десек те, қазақ батырлары туған жер үшін қалмақтармен жан аямас соғыстарға барды. Үлкенді-кішілі осындай көптеген шайқастар болған жерлер тарихқа «Қалмакқырылған» деген атпен енді. Олардың ішіндегі ең ірілері Бұлантыдағы және Аңырақайдағы ұрыстар болды.

Қалдан Серен болған тұста жоңғарларға қарсы (1727-1745) Ұлы жүз рулары қонадықтармен бірігіп, қуатты одақ құра білді. Бұған қырғыздар қосылып, енді Ұлы жүз жерін жайлаған қалмақтардың тым-тырақай қашулары басталды. 1750 жылдан соң жоңғарлардың зәбсәндарының таққа таласқан ішкі тартыстарын Абылай хан (1734-1781) еттілікпен пайдалана білді.

Қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап қалуда Асы (Түркістан) маңындағы Күлтөбелдегі жиналдар, 1710 жылы шақырылған Қарқұм кеңесі, 1726 жылы болып өткен Ордабасыдағы жиын, 1730 жылғы Ұлытау жиыны, 1752 жылғы Ұлытау кеңесі, 1762 жылғы Қарқаралы құрылтайы үлкен рөл атқарып, қазақтың етек-жеңі жиналған ынтымақтық ұлтқа айнала бастағанын көрсетіп берді. Қазақтың басын қосуда осындай қилы кезеңде жалпыұлттық деңгейдегі үйсін Төле би, қаракесек Қазыбек би, алшын Әйтеке би көсемдік, қайраткерлік тұлғаларымен халықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Оларды тайпалық деңгейдегі найман Ақылбай би, Қарақалпақ Жангел би, шапырашты Қазбек бек, Қырғыз Төлекей би, төртқара Тауқымет би, ысты Нұрмамбет би, жалайыр Жолбарыс би, албан Сырымбет би тәрізді көптеген халықтық тұлғалардың қолдауы қазақты біріктіре түсті.

Талас ОМАРБЕКОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі.

Біздің жыл санауымыздың екінші мыңжылдығы бұған дейінгі ісі түркілік тұтастықтан енді түркілік бөлшектенуге ұласып, Еуразия қос құрлығында түркі тектес ұлттардың өзіндік этникалық тұлғасын даралай бастаған кезі еді. Орта ғасырдағы ұлттық дараланулар, этнестенудің (этниция) шындалуы жалпы азаматтық дамумен байланысты болғандықтан, бұл процесс тек түркі тектес халықтарға ғана емес, әлемнің басқа халықтары үшін де ортақ болды. Осынау, тарихи ұлы саралану барысында өзінің ата жұртында Қазақ халқы да ел болып іргесін айырып, ұлт болып шаңырақ көтерді.

Монғолдардың жойқын шабуылынан кейін, Шыңғыс ханның кіндігінен тараған ұрпақты ел басына отырғызу Тәңірінің жазуындай заңдылыққа айналды. Мұндай үрдісті қазақ халқы еш қарсылықсыз қабыл алды. Оның өзіндік сыр-себебі бар еді. Біріншіден, “Жер – төбесіз, ел төресіз болмас” деп келетін дәстүр Шыңғыс ханнан да арғы замандардан келе жатқан үрдіс болатын.

Шыңғыс хан Жошы, Шағатай, Үгедей, Төле сияқты төрт ұл келтірген. Бәйбішесі Бөрте ханым Қоныраттың қызы болса, әлемді ат тұяғымен таптаған әскерінің сапында қазақ жауынгерлері болса, Шыңғыс ханның қазақша сөйлегеніне емес, монғолша сөйлегеніне таңғалу керек шығар. Шыңғыс хан ұрпақтары қазақ даласына үстемдік құрғаннан кейін-ақ, жергілікті халықтар қазақтың тілі мен дініне бүтіндей бойыссынып үлгерді. Арада бірер ғасыр өткенде Шыңғыс хан ұрпағынан тараған төрелер Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін, басқаны былай қойғанда, монғол-қалмақтармен соғысып, сол жолда қанын төгіп, жанын берді.

Қазақ хандығының тарихын қозғағанда осы жағдайлардың қаперде болғаны жөн. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының кіндігінен: Орда, Ежен, Бату, Тока, Темір, Төбей, Шайбани атты ұлт туған.

Осылардың Тока Темірінен Өз Темір-Қожа-Бадақ ұлан-Орыс хан – Құйыршық хан-Болат ұлтан, Барак хан туалды.

Міне, осы Барак ханның тұсында астанасы – Сығанақ қаласы болып, Қазақ хандығының шаңырағы көтерілді. Осынау ел болу

жолындағы ұлы дүмпуге Жәнібек хан мен Керей хан қолдаса дем беріп, (1456-1477 ж.ж.) Қазақ хандығының іргесін біржолата орнықтырды. Жәнібек хан Барак ханның бел баласы, Керей хан болса Барак ханның ағасы Болат сұлтанның баласы еді. Жәнібек пен Керей немере. Ол кезде Алтын Орданыңсынықтары сияқты Ақ Орда, Көк Орда, Сары Орда (ырлы орда) атанған хандықтардың бәрінде осы күнгі қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалар болды. Олар негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын. Жеке-жеке хандықтар арасындағы бәсеке-бақталастық өз алдына, бір хандықтың ішіндегі талас-

Солтүстік қапталындағы Қозыбасы деген жерге орда тігуі, ең алдымен көшпелі қазақтардың ел болып, еңсе көтерсек деген ынтасын оятты.

Жалпақ қазақ өзінің әлім-сактан бергі стихиясымен қайта табысқандай болады. Ол кезде Моңғолстанның жұртын күзеткендей болып Есенбұға ханның (1432-1464 ж.ж.) шалажансар хандығы Жетісуды мекен ететін. Бір шеті Дешті Қыпшақ даласынан (көшпелілер даласынан), келесі шеті Өзбек хандығынан түріле көшкен ел, Есенбұғаның иелігін баса көктеп өтіп, Жәнібек пен Керейдің маңына шоғырланды. Осы күнгі ғылым тілінде “Көшпелі

хандығының күш-қуатын еселеп арттырып, мәртебе-мерейін аспан-дата көтеріп тастауы дәлел болса керек. Көшпелі қазақтардың басым көпшілігі ата мекенінде отырып-ақ қазақ хандығының шаңырағын көтерісіп, уығын шаңшысты. Мұның айғағын, сол кездің өзінде-ақ қазақ даласының батыс шалғайында Астрахань хандығының қарсы оңтүстігінде Әбілқайыр мұрагерлігіне қарсы күрескен қазақ руларының әрекетінен анық көруге болады.

Қазақ хандығының тақ иесі жасы үлкен Керей болса, ақыл иесі эз Жәнібек болды. Екеуі қолдаса қимылдап жүріп, елдің көсегесін

қос өзен арасына ығыстыру арқылы елауір кеңейді.

Елдің ішкі сыртқы саясатын ұршықтай үйіріп, тарихтың өткелінен тайдырмай алып шығуы үшін Бұрындықтан гөрі, тегеурінді, көрегенді көшбасшы керек болды. Ондай хан қазақ халқының тарихында ақыл-қайратымен ұмытылмастай із қалдырған Қасым хан (1511-1523 ж.ж.) еді.

Қасым хан шешесі жағынан Мұхамед Шайбани ханмен сүйектес, әкесі эз Жәнібек хан еді. Қасым хан қанды аз төгіп, ұпайды көп жинау саясатын ұстанды. Қазақ халқы өзінің осы күнгі мекен-тұрағын негізінен Қасым ханның кезінде орнықтырды. Тек мекен-тұрақ ғана емес, елдік жөн-жоралғылар, билік заң үрдістері, көш-қоныңн жол-жобалары, ру тайпалардың қоныс жайлаулары біртұтас ел қалпымен осы кезде сараланды. Еуразияның ұлы даласында мыңдаған жылдар бойы классикалық көшпелілікті өмір салты еткен ел-жұрт тарихи аласапыран кезеңдерді бастан кеше жүріп, киіз туырлықтар қайта тұтастанды. Қасым билеген Қазақ хандығы алыс шетелдерге танылып, Еуропа жұртына мәлім бола бастады. Австралия дипломты Зигмунд Герберштейнің “Мәскеу істері жөніндегі жазбалар” деген еңбегінде Қасым хандығының жай-жапсары, ол хандықты құрып отырған Қазақ халқы туралы құнды ойлар жазылған. Қасым ханның елі үшін еткен еңбегін, төккен терін халқы “Қасым салған қазақ жол” деп атап, ұрпаққа өнеге етіп қалдырды. Қасым ханға топырақ Сарайшық қаласынан бұйырды.

Қасым хан дүние салған соң, оның баласы Ақназар ер жетіп, ел тізгінін қолға алғанға дейінгі 15 жылда Қазақ хандығы өзінің ішкі-сыртқы саясатында біраз тоқырауды бастан өткерді. Қасым ханнан кейін хан тағына Момыш (1523-1524 ж.ж.), Тайыр (1524-1529 ж.ж.), Бұйдаш (1529-1533 ж.ж.), Ахмет (1533-1537ж.ж.) Тоғай (1537ж.) сияқты Қасым ханның ағайын-тумалары бір-бір отырып шықты. Хандардың алмасуына қарамастан, Керей мен Жәнібек негізін салып, Бұрындық пен Қасым әрі қарай шыңдаған елдік қасиет өзінің көшпелі арнасынан жаңыла қойған жоқ.

Кенжебек СЫЗДЫҚҰЛЫ.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ ЕЛШІЛІК

Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқпайтай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің иетін жауу баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз...

Қазыбек би.

Қаһарлы қаған Шыңғысханның Отырар қаласын жермен-жексен етуіне елшілерінің өлтірілуі мен керуендерінің талан-таражға түсуі себеп болғаны тарихтан белгілі. Содан «Көк шөп өртелмейді, елші өлтірілмейді» деген қағида қалды. Бұл заң әлемде дипломатиялық қарым-қатынаста осы күнге дейін қатаң сақталып келеді. Жалпы, көшпенділер қалыптастырған дипломатиялық жүйе кім-кімді болмасын таңғалдырады. Ал біз әңгімелескен тарихшы-ғалым Меруерт Әбусейітова Алтын Орда империясының тікелей мұрагері Қазақ хандығы тұсындағы елшілік дәстүрдің де ерекше болғанын айтады.

— Егер Қазақ хандығы туралы сөз қылсақ, Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Абылай ханды ерекше айтар едім. XV-XVIII ғасырлардан бастап көзге түскен хандар мен сұлтандар тарихтың әрбір кезеңінде бар. Олар шет елдермен дипломатиялық әрі сауда-экономикалық қарым-қатынастар орнату ісінде маңызды рөл атқарған. Бұл кездегі дипломатиялық практика сол уақыттағы

жазеттіліктерге сәйкес дамыған. Мысалы, Тәуекел ханның арқасында 1598-1599 жылдары қазақ хандары Сырдария маңындағы қалалардың бір бөлігін иеленген. Содан кейін қазақ ханы аштарханидтармен өзара ынтымақтастық туралы ресми келісімшарт жасасқан екен. Тарих үшін бұл құжаттың маңызы зор. Қазіргі уақытқа дейін аталған өңір мемлекетіміздің меншігі. Ал қазақ халқы көшпелі өмір салтын ұстағандықтан, жайлаулар мен жаңа жерлерге мұқтаж болған, — деді Меруерт Әбусейітова.

Келісімшарттың талаптары қатаң сақталған. Шартты жасағанда арнайы діни салттар, сондай-ақ Аллага ант беру рәсімдері де өткізіліп. Сонымен бірге, келісімшарттар көбінесе үш түрге бөлініп қарастырылған.

1. Бірінші келісімшарт бойынша хан және оның әскері шарттың екінші қатысушысымен бірге жорыққа шыққанда немесе оған жар-тылай әскери қолдау көрсеткенде (әскери қолбасшы немесе сұлтанмен басқартып жасақты жіберу) бейбітшілікке қол жеткізеді.

2. Екінші келісімшарт бойынша бір жақ келесі жаққа берілген салық сомасын төледі. Сонымен бірге, некеге тұру негізінде жасалған шарттар да осы топқа жатқан. Ал төлемдер болашақта өтелген.

3. Келісімшарттың үшінші түріне сәйкес, жер басқа қатысушының меншігіне өтіп,

кейбір жағдайда салық төленген. Келіс-сөздерді әртүрлі тұлғалар жүргізген: мемлекет атынан сөйлейтін хандар, сұлтандар, жасасқан екен. Тарих үшін бұл құжаттың жасасқан екен. Тарих үшін бұл құжаттың маңызы зор. Қазіргі уақытқа дейін аталған өңір мемлекетіміздің меншігі. Ал қазақ халқы көшпелі өмір салтын ұстағандықтан, жайлаулар мен жаңа жерлерге мұқтаж болған, — деді Меруерт Әбусейітова.

Сонымен қатар, белгілі бір елге жіберілген елші кісі сол мемлекеттің салт-дәстүрлері, мәдениеті, жолдарын жақсы білген еді. Елшілер – бес саусағынан бал тамған өте шебер жандар. Қай жерге барса да, олар осы елдің тілін білуге тиісті болған. Егер елші бұл өңірдің тілін білмесе, онымен бірге аудармашы жіберілген.

Мұның барлығы қазақ мемлекетінің дамуындағы дипломатияның маңыздылығын аңғартады. Қазақ хандары елдің мүдделерін қорғау мақсатында халықаралық аренадағы дауларды шешу үшін барлық дипломатиялық әдіс-тәсілдерді пайдаланған.



P.S. Елdestірмек еліңден. Бейбітшілікті, елдікті мұрат еткен ата-бабаларымыздың дәстүрін қазір Тәуелсіз қазақ еліңде дипломаттар заманға сай қайта жаңғыртып, әлем алдында абыройымызды асқақатып, геосаясаттағы көшімізді өрге сүйреп жүр. Ресми дерекке сүйенсек, бүсінде әлемнің 45 елінде Қазақстанның елшілігі ту тігіп, иет мемлекеттермен саяси қарым-қатынас жасап жатыр.

ДОМАРОВ.

ВАТИКАН МЕН ҚЫТАЙДАН ТАБЫЛҒАН ҚҰНДЫ ДЕРЕК

Елбасы Жарлығынан кейін Қазақ хандығының 550 жылдығына орай жап-жақты жүргізілген зерттеулер нәтижесінде тың деректер табылды.

Соның бірі – Ватиканда сақталып тұрған XVI ғасырдағы Қазақ хандығының картасы. Бұл туралы Мемлекет тарихы институтының директоры, профессор Бүркітбай Аяған мәлімдеді.

«Қазақ хандығы туралы мәліметтерді зерттеп, оларды ашатын кез келді. Бүгінде әлемдік қауымдастықта жуырда табылған жаңа деректерді талқылап жатыр. Олар әлі толық зерттелмеді. Сонымен қатар қазақстандық ғалымдар

Ресей, Қытай, Иран, Франция және АҚШ ғалымдарымен бірге қазақ мемлекеттігінің тарихымен байланысты жаңа тарихи фактілерді ашып жатыр. Жуырда XVI ғасырдағы Қазақ хандығының картасы табылды, — деді Бүркітбай Аяған.

Тарихшы профессор Рафис Абазовтың айтуынша, зерттеу барысында Ватиканның құпия мұрағатынан қазіргі Қазақстан территориясы бедерленген 6 бірегей карта мен XIII-XV ғасырларда Рим папасының түрік қағанына жазған хаты табылған.

Карта 1684 жылы жасалыпты.

Қазақ хандығының құрылуына қазақ жерінде XIV-XV ғасырларда

болған әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси процестерден туған заңды құбылыстар әсер етті. Көшпелі, ақсүйектердің экономикалық қуатының артуы, феодалдық топтардың тәуелсіздікке ұмтылуы, осы негізде Әбілқайырдың Көшпелі өзбектер мемлекеті мен Моғолстан арасындағы тартыстың шиеленісуі, өршуі, әлеуметтік қайшылықтардың үдеуі XV ғасырдың екінші жартысында жаңа мемлекеттің құрылуына жол ашты. Әбілқайырдың өзіне қараған аймаққа қатал тәртіп шараларын орнатуы оның жағдайын тіпті қиындатып жіберді. Содан туындаған халық наразылығы қарсылықты күшейтті. Моғолстан мемлекетінің иелігін-

дегі Жетісу өлкесіне көшкен жұртты Жәнібек пен Керей басқарды.

Осылай аз уақытта құрылып, тез күшейген жаңа мемлекеттің атауы Қазақ хандығы болатын.

Орта Азиядағы ұлттық мемлекет Қазақ хандығы туралы тағы бір дерек – XVIII ғасырда өмір сүрген Қытай императоры Цянь Луннің панносы. Оларда қытай императорлардың әртүрлі мемлекет өкілдерімен дипломатиялық сыйлық алмасу рәсімі бейнеленген. Осы дипломаттар қатарында Қазақ хандығының да өкілдері бар. Қазақтардың үш айрықты байрағынан олардың сол замандағы халықаралық шаралардың ордасынан табылғанын аңғаруға болады.



– ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ



Бір мақаланың көлемінде Абылай ханның қазақ халқына сіңірген еңбегін толық қамту мүмкін емес. Дегенмен де, нақты құжаттарға сүйене отырып, біраз өмір жолына шолу жасап көрелік. Абылай сұлтан өзінің ақылды, сабырлы мінезі мен адамгершілігінің арқасында тек бір орда емес, үш орданың сыйлы ханы атанды.

Жоңғарлардың тұтқынынан келгеннен соң Абылайдың абыройы тіпті жоғары дәрежеге көтерілді. Енді үш орданың хандары, билері де онымен са-насты. Ол Ресейден қол үзген жоқ. Бірақ губернаторларға бас иген емес. Олар- ды өзінен арақашықтықта ұстады. Абы- лай хан Орынборға 1740 жылы бар- ғаннан кейін губернаторлардың оған өздеріне келіп кетугін сұраған бірнеше шақыруларын қабылдамады. Кейбір та- рихшылар Абылайдың тұтқыннан келуі оны Ресейге байлады, оған міндетті бол- ды дегендей ой білдіреді. Жок. Олай ме- с, Ресейге тәуелді болған жоқ.

Міне, осындай хаттың бірін 1745 жылы 16 сәуірде Орынбордан губерна- тор, құпия кеңесші Иван Неплюев Абы- лай сұлтанға жіберіпті: «...Біз сізден көптен хабар ала алған жоқпыз, көп уақыт өткендігі себепті сізден өткен кездер ту- ралы хабарларды естігеніміз дұрыс бола- р еді. Сіздің және қоластыңыздағылардың бір белгісі болсын. Егер мүмкіндігіңіз болса, уақыт тауып, сіз маған келсеңіз, маған уаған болар еді. Мен осы алдағы күзге дейін басқа жаққа баруыма бай- ланысты орында да болмауым мүмкін. Екеуміз кездесіп, бетпе-бет әңгімелесіп көп жағдайларға кеңескеніміз дұрыс бола- р еді. Сіздің қойған талабыңызға байланысты Сібір жағында ұсталған адамдарыңыз бен малдарыңыздың біразы қайтарылды. Басқасына ол генерал күш салып көмектесемін деп сенім білдірді», депті.

1745 жылы 7 мамырда жұзбасы Яков Ерофеев арқылы полковник Павлуцкий- ге Абылай хан мынадай хат жіберіпті: «Сіздің маған жіберген хаттарыңдан естіп отырмын: «Бізге денсаушылық тілей отырып, біздің қоластымызда жаулап алды деген жылқылар және тұтқындар бар депсіз». Ондай жағдай болған жоқ. Тұтқында ешкім жоқ. Егер ондай болса, онда қандай одақтастық болады. Өткен жылы сіздің адамдар 42 адамды тұтқынға алды. 24 адам, 1300 жылқыны, 13 байдың

үй-мүліктерінен 382 жылқыны бізге қайтарды. Енді 918-і сіздерде қалды». Бұл хаттағы: «Онда қандай одақтастық бола- ды», деген сөзге көңіл бөлу керек. Ол – Абылай Ресейге берген сертін одақтастық деп түсінетіні.

1760 жылы 16 сәуірде Орынбор губерниясының кеңесінен құпия экспе- диция арқылы Орынбор гарнизонының жаяу әскер полкының поручигі, князь Иван Ораков, тілмаш Яков Гуляев Абы- лайды іздеп, бес күн жүріп старшын Байжігіттің ауылына келеді. Абылай осы

басынан бастап жалақы төлеуі дұрыс. Орынбордың шет ел шығыны есебінен қырғыз-қайсақтардың Кіші Ордасының Нұралы ханының жалақысын азай- тып, әрқайсысына 600 рубльден жалақы берілісін. Оларда реніш болмау үшін жы- лына 300 рубльден тағайындау керек. Оның үстіне 100 рубль басқа қырғыздарға берілмей, Абылай сұлтанның өзінің пайдалануына беріледі. Өйткені, бізге белгілі, ол өзінің 200 рублімен қырғыз- қайсақтың салты бойынша жергілікті старшындарымен бөліседі. Екінші, Абы-

ды». Өздеріңіз байқап отырғандай, Абы- лайды халық әдейілеп сайламаса да оны «хан» деп есептейтіні құзыреттілерге де жеткен.

Абылай ханның ғажап дипломат екендігі қалмақтың ханы Қалдан Серен өлгеннен кейін ерекше белгілі болды. Жоңғарлардың ханы Қалдан Серен өлген соң оның балалары таққа таласып, бірін- бірі өлтірді. Ең соңында күннен туган ұлы Лама Доржи құлық-сұмдық жолмен тақты басып алды. Оның Даваци, Амур- сана атты інілері Абылай ханның ордасы-

АБЫЛАЙ ХАН

жерден 3-4 шақырым жерде қоныстанған екен. Көкшетауға, Әулие Петр қамалына жазда бармақшы. Ораков пен Гуля- ев әдептілік, сыпайылық көрсетіп, Абы- лай сұлтанды тағы да Орынборға, тіпті болмаса, Троицкіге келуді қиялып сұрайды. Оған Абылай: «Қаңқария қырғыздары Айходжа және Күнходжа Жаркент қалаларына шабуыл дайын- дап жатыр. Бұл жердегі халықтар Таш- кент, Түркістан, Бұқараға көпестер және таможнялықтармен еріп көшіп жатыр. Ол жерге көмек көрсетуіміз қажет. Сол себепті Орынборға баруға уақытым жоқ», деп жауап беріпті.

Император ханымның канцлері граф Воронцов 1759 жылы Орынбор губер- натор Давыдовқа, генерал-майор Тев- клевке, Сібір губернаторының әскери қолбасшысы Фрауендорфқа жазған хатының 74-бетінде былай депті: «...Сіз биылғы жылғы 15 наурыздағы хабар- ламаңызда тағы да ұсыныс жазысыз. Онда Абылай сұлтанды жақсырақ өзімізге тарту мақсатымен еркелетулі және Орын- борда көбірек марапаттауды талап етіпсіз. Мұндай жалақы үшін ол одан әрі беріліп қызмет етуге міндетті. Оны жоғалтпас үшін, біздің жағымызды қолдауы үшін, тіпті болмаса ашық қарсы шықпаса да бүгінгі қытайлықтардың тырысып отыруына беріліп кетпей, өз жағымызға шығару керек. Біздің жақтан да оны еркелетуіміз қажет. Онымен жеке хат жазысып тұрыңыздар. Ол өте пайдалы. Абылай сұлтанға император – ақ патша ханымның атынан биылғы 1759 жылдың

лай сұлтанның басқа ұсыныстарын алсақ, ол Ресейдің шекаралық командирлеріне өкпелі, сондай-ақ, башқұрттарға және белгілі Ноян Шерендеге. Ол қырғыз- қайсақтардың жауы көп, жылқыларын алып кеткен. Сондай-ақ, қасиетті шоқы- нуга барғандар туралы айтыпты, олардың басым көпшілігі өз еркітерімен шоқынуга барған жоқ. Абылай сұлтан қойған мәселелерді шешу және Ноян Шереннің ұстап отырған адамдарын, жылқыларын да қайтарып беру мүмкіндігіне сенемін. Абылай жанжал шығарады. Оның ары- зы бойынша Сібір командирлерін ты- ныштандыру керек. Үшінші, Абы- лай сұлтан қойған мәселелерін шешу үшін қабылданған жарлықты нақты орындайық. Абылай сұлтан кейбір жағ- дайға сенбеуі мүмкін. Оның талаптары толығымен орындалған жоқ».

Міне, көріп отырсыздар, Санкт- Петербургтен канцлер Воронцов Абылайдың талаптарын орындау қажеттігіне қатты көңіл бөлген. Бұл Абы- лай сұлтанның беделі жоғары екенін, өзін Ресейге бағыныштымын деп мой- ындамайтынын дәлелдейді. Осы хаттың жалғасында және былай депті: «... Абылай бүкіл Орта Ордада ең басты қожасы болып есептеледі, оның үстіне ол басқалардан гөрі әлдеқайда зерек (түсінгіш), әрі икемді (епті), оны нағыз хан жасау керек. Жергілікті халық Орта Орданың Әбілмәмбет ханының мысалын- дай жарлықсыз хан сайламасын. Оған қарсы тұру өте қиын. Өйткені, ісіне қарап әр жерде бүгінде Абылайды хан деп атай-



на қашып келді. Осы кезде Әбілмәмбет хан, атақты Малайсары билер Абылайға қысым жасап, ол екеуі Лама Доржиге қайтарып берулі талап етті. Бұл Абылай ханның ел басқарып жүргендегі өте ауыр кезеңі еді.

1757 жылы Абылай 10 мың сарбазбен Қаңқария жерінде қалған торгоуттарды қырды, қалған қалмақтардың бірде-бірін қалдырмай тұтқындап, қазақ жеріне құлдыққа таратты. Абылай бастап барған жорықтар туралы да құжаттар жеткілікті. Әбілқайыр тірі тұрған кезінде Абылаймен қарым-қатынас жасаған. Әбілқайырды өлтіргенде оның балаларын аман алып қалған Абылай сұлтан. Ол туралы Әбілқайырдың зайыбы Болай ханымның канцлерге, генерал-губернаторға жазған хаттарында: «Абылай сұлтанға көп рах- мет. Балаларымды ажалдан құтқарды», депті.



ҚАЗАҚТЫҢ АСТАНАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Қазақ астаналары туралы сөз қозғатпанда, әуелі қазаққа бас қала болған Орынбор, Қызылорда, Алматы мен Аста- на еске түседі. Бұл қалалар бәрімізге белгілі, айтылып жүр. Сондықтан, біз оған дейін болған қазақ астаналарына аз-кем тоқталуды мақсат еттік.

Шыңдығында, қазақ астаналарының тарихы бай. Қазақтың елордаларын түгендеу тарихи жадын жанартумен бірдей.

Ежелгі қазақ астаналары қатарында сак-гун заманынан бері Яксарт, Ордос, Чингун шаһарлары аталады.

Түркі қанатығы тұсында Еркіне- көн, Өтекин, Суаб қалалары астана бол- са, Қарахан мемлекеті орыған кез- де Баласағұн, Тараз қалаларының абы- роны аспандды. Сондай-ақ, Алтын орда дәуіріндегі Сарай Бату, Сарай Берке, Сарайшық қалалары да – қазақтың аста- налары.

Бұл қалалардың бәрі кезінде ұлт да- муына айрықша ықпал етер оқиғалар ор- дасы болды. Ал енді Қазақ хандығының астаналарын айтар болсақ, Сығанақ, Ташкент, Түркістан тарихта маңызды рөл атқарды.

Сығанақ. Қыпшақ мемлекетінің, Ақ Орда ұлысының, Әбілқайыр мемлекетінің (Көпешілі өзбектер мемлекеті) және Қазақ хандығының алғашқы астанасы болған. Тарихи деректерде аса ірі саяси-әкімшілік орталық болғаны айтылады. Рузбехан жазба- ларында (16 ғасыр) Сығанақ саудасы өркендеген, бау-бақшасы жайқалған, қазақтың бай қаласы ретінде аталған.

Ташкент. Қазақ хандығы Тұрсын, Жолбарыс, Рүстем, Абдолла мен Әбіл- ғазының тұсында астана болды. Ташкент – кезінде қазақ пен өзбек зиялылары ара- сында дау-таласқа өзек болған шаһар. Ақыры отаршыл биліктің пәрменімен бір кезде қазақтың астанасы болған қала

басқа мемлекеттің иелігіне өтті.

Түркістан. Есім хан билік құрған кезден бастап, екі жүз жылдай астана болған деген дерек бар. Бір кезде саяси- әкімшілік орталық болған көне шаһар рухани-мәдени орталық дәрежесін бүгінге дейін сақтап қалды. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары Түркістан «рухани астана» аталды.

Алаштың ханы Абылай үш жүзге хан болып, осы қалада билік құрды. «Әзірет сұлтан Қожа Ахмет Ясауи жатқан Түркістан кесенесі аман болса, қазақты жау алмайды» деген түсінік бар. Қазақтың 200-дай хан-сұлтаны, батыр- билері, жаксы-жайсаңдарының сүйегі жатқан киелі жер.

Ал, қазақ елінің алғашқы астанасы туралы түрлі қожарас бар. Бұл мәселе ұлттық тарихтың қай кезден бастау алатындығымен тікелей байланыс- ты. Егер мемлекеттілік тарихын Қазақ хандығынан бастайтын болсақ, онда қазақтың алғашқы астанасы ретінде Сығанақ қаласының аталуы заңды.

Бірақ тарихшы-археолог М.Елеуев 1456-1457 жылдар аралығында Қазақ хандығының негізін салған Керей мен Жәнібек хандар Қозыбас өңірінде Шар деген қала салдырып, оны астана еткен деген болжам айтады.

Ал көне заманнан бері желі тартсақ, онда қазақтың алғашқы астанасы ретінде Қаз дәуіріндегі Яксарт немесе Ғұндар орталығы болған Ордос қалалары ата- луы мүмкін.

Қунарлылығы сол, мемлекеттілік тарихымыздың тамыры теренде жатыр. Тарихи, ұлттық сабақтастық осы күнге дейін үзілген жоқ. Өткеннан бағдар алып, бой түзген бүгінгі Астана қаласы да – мемлекетіміздің айнасы, әлемге паш етер айбанды шаһарымыз.

Д.СЕЙІТЖАН.

ТАРИХТЫ ТАҢБАЛАҒАН ДЖОН КЭСТЛЬ

Джон Кэстль – қазақ даласына тұңғыш табаны тиген графиктердің бірі. Ұлты – ағылшын. Туған жылы, жері және өмірінің ақырғы сәттері беймәлім. Ресейге қызмет еткен ағылшын суретшісі Джон Кэстль туралы бар біліміміз, 18 ғасырдың 30 жылдары Қазақ хандығындағы саяси-әлеуметтік, тұрмыстық-этнографиялық үрдістер төңірегінде құнды мәліметтер қалдырғаны. Сондай-ақ, Әбіл- қайыр ханның портретін салып кеткен де осы суретші болатын.

Джон Кэстль Ресейде қызметте жүріп, 1734-1737 жылдары Орта Азия мен Қазақ- станның этнологиясы, географиясы мен эконо- микасын зерттеу мақсатында Орынборға барған И.Кириллов экспедициясына қатысты. Сол сапарында орыс әкімшілігінде ама- натта жүрген Әбілқайырдың баласы Ера- лы сұлтанмен танысқан. Содан кейін Орын- бордан Кіші жүз жеріне, Әбілқайыр хан ор- дасына көшіп барған. Өзінің тілмөші Дитрих Люторос және А.И.Тевкелевтің қызметкері Құлбаймен бірге 1736 жылдың маусымы- нан шілде айына дейін Арал теңізі, Жайық өзеңі төңірегін зерттеп, Самара мен Сим- бирск қалаларында болған. Кэстльдің қазақ тарихында елеулі орын алатын құнды еңбегі «1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы» деп атала- ды. Онда Әбілқайыр хан мен оның әйелі Бо- пай, баласы Ералы сұлтан, атақты Күлдері ба- тыр портреттері және қазақтардың жайлауға көші сипатталып берілген. Дәлірек айтсақ, суретшінің қылқаламынан туындаған «Әбілқайыр ханның портреті», «Қазақтардың қарсы алуы», «Қазақтың көші-қоны» сын-

ды туындылары XIX, XX ғасырлардағы суретшілерді қатты қызықтырған-ды.

Күнделігінде башқұрт-қазақ-жоңғар қарым-қатынастары жөнінде де тарқатып жа- зады. Сондай-ақ, 18 ғасырдың ортасындағы қазақ халқының әдет-ғұрпы, мінез-құлқы мен билік жүйесі, табиғат байлығы жайлы мағлұматтар қалдырған оның еңбегі ел тари- хын тереңдете пайымдауға мүмкіндік береді.

Әбілқайыр жастайынан батылдығымен танылып, дарынды әскербасы және билір саясаткер болды. 1726 жылы үш жүздің қазақтары бас қосқан құрылтайда билер мен



Әбілқайыр ханның Д. Кэстль салған суреті

ДЖОН КЭСТЛЬ ЖАЗБАСЫНАН ҮЗІНДІ

...Диқанышылық деген бұл арада (қазақ жері) атымен жоқ; жергілікті тұрғындар нанның не екенін білмейді және қолға үйретілген құс асырмайды, бір жағынан жиі-жиі орын ауыс- тырып көшіп жүретіндіктен, оларды өзімен бірге алып та жүре алмайды. Есесіне, бұл елде жабайы аңның неше алуан түрі бар: қасқыр, түлкі, жабайы жылқы және ешкілердің көптісі соңдай, солардан жеріңді беті көрінбейді. Ара-арасында жолабары бар, суыр мен борсық те көп.

Жергілікті тұрғындардың дене бітімі орташа, беті әдемі, түсі жағынан бізге, еуропалықтарға ұқсайды. Еркектерінің шашы түзел қап-қара, бірақ олар оны тап-тақыр ғып алғызып тастайды, кейбіреулер жезке жағынан өріп қояды. Құлақтары еуропалықтардыкі құсап жын-жымламай басына жабысып тұрмайды, біздікінен үлкен және қалың тұратын қалқан құлақ, Құдай қалай жаратса, олар солай қалдырады. Сондықтан болар, олар алыс- тан, бізден, еуропалықтардан әлдеқайда жақсы естіді. Олар қияннан айқайлап айтылған нәрсені қалқан құлақтарымен қағып алады да, дабыл жарғағына жеткізеді. Қысқасы, мына біз, еуропалықтар, өзіміздің есту қабілетімізді құртып жүрміз, дүниеге құлағы қалқып келген балаларымызға басы кептеліп тұратындай малакай күзіміз де, соның кесірінен Құдайдың ісіне араласып, бәрін өзіміз қолдан бұдырлы, құлақтарын жымпитып тастаймыз. Бұлардың көздері де өте көргіш, біз сияқты, еуропалықтар дүрбімен әзер дегенде көретін нәрсені олар бізден бұрын көреді...

...Олар (қазақтар) ірі тұғалды және қайратты келеді. Бейнет көріп, қатты қиналғанда, терлеп тұрған сәтінде сусын ішуден сақтанады және күн шығып кеткеннің өзінде де кеудесін жылы ұстайды.

Абылай ханның Ресейге тәуелді бол- май, олармен тең дәрежедегі одақтас мемлекеттің басшысы екендігі генерал- поручик Иван Деколонгке, одан кейін генерал-поручик және губернатор Иван Реннедорфке жазған хатынан анық байқалады: «...Генерал мырза, сізге ай- тарым, біздің Орда сіздің Ресейдей емес, өте шашыранқы жатыр. Ұрыларды, бұзықтарды табу, ұстау тез арада қолдан келмейді. Жеріміз өте үлкен. Сол себепті кімнің қайда көшіп жүргенін білу мүмкін емес. Қытайдың Богдо ханына мен өз та- лабымды айтып былай дедім: «Қандай күші бар мемлекет болса да егер бізге қарсы шықса немесе дерексіздік білдірсе, онда біз оларға қарсы тұра аламыз». Егер де Қытайдан көмек сұрай қалсақ, ол ешуақытта көмек беруге дайын еместігін білдірді. Осыған байланысты, егер де бізге біреулер көз алартып, соғыс ашу қаупі бола қалса, онда сіз бізге әскери көмек беруге дайынсыз ба? Осы тура- лы императорға жеткізіп, маған жауабын хабарласаңыз.

Генерал мырза, сізден маған 1000 не- месес 500, болмаса 300 әскери адамдарды уақытша беруіңізді сұраймын. Ол біздің ішіміздегі ұрыларды ауыздықтап, тыю үшін керек. Ұрыларды ұстап, жазаласақ, онда олар сіздерге де, біздерге де жаманшылық жасай алмауы тиіс. Әскер берсеңіздер де, бермесеңіздер де маған хабар беріңіздер. Сонында сізге көп жыл денсаушылық тілеуші – Абылай хан. Сенімді болу үшін өз мөріммен растай- мын».

Елде тәртіп орнатпаса, старшын- дардың өзара бейбіт өмір сүрулері мүмкін еместігін Абылай хан түсінді. Абы- лай ханға Ресейдің канцлері, Орынбор және Сібір губернаторлары сенімсіздік білдіріп, үнемі оның ордасына қансыз- дарды жіберіп, бақылап отырған. Осындай Абылай ханның билік жүргізу жүгі аса ауыр болғанын байқалады.

Абылайды дана патша әр елде болған жоқ. Кішігірім жауларды есепке алмағанда үш алпынмен ортақ тіл табысу ол заманда ерен сабырлылық, білімділік, қайраттылық, жігерлілік, парасаттылық, терең ойшылдықты тілейді.

Б.НӘСЕНОВ,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор.

батырлар бірауыздан Әбілқайырды Қазақ хандығы әскерінің бас қолбасшысы етіп сай- лады. Ал Әбілқайырдың хандық дәрежеге қалай жеткендігін 1736 жылы оның Ордасы- на келген ағылшын суретшісі Джон Кэстль былайша түйіндейді: «Ол зор тұлғалы, сым- батты, аппақ жүзі қызыл шырайлы, түсі сон- дай жылы кісі, сонымен қатар зор денсаулық пен қайрат-күш иесі, садақ тартуға келгенде шынымен-ақ бүкіл ұлтта оған тең келетін кісі жоқ. Хан болмай тұрып, ол сұлтан ғана бола- тын, оның барлық балалары да осы дауазым- ды алып жүр. Жоңғар қалмақтарымен болған соғыста олардың басшысы қонтайшыны өз қолымен тұтқыға алғаннан кейін... Кіші орда оны хан сайлады».

Джон Кэстль еңбегінде Жәнібек, Бөкенбай батырлар да айтылады. 1736 жылы 25 маусымда ханның бауыры Нияз сұлтанмен бірге ағылшын суретшісі басқа ордаға барғанын, бұл жерде ханмен және ханның Бөкенбай батыр, Ақмолай батыр есімді ру ақсақалдарымен бірге тамақтанғанын жаза- ды. Одан әрі Джон Кэстль Әбілқайыр ханның ордасындағы үш орда халқының өзімен сый- лас төре тұқымдары, батырлары мен билеріне берілген қонақасыда Бөкенбай батырдың болғандығын келтіреді. Сонымен қатар, оның жазбасында 1736 жылы шілденің 1 күні хан ордасына шақырылған билердің саны бес жүзге жеткендігін жазады.

Джон Кэстль қазақтың дархан да- лысы, батыр ұлдары туралы құнды деректер қалдырғанын мойындауымыз керек, десек те, оның біздің жерімізге патшалы Ресейдің отаршылдық саясатын жүргізуді мақсат ет- кен Орынбор экспедициясының мүшесі болғанын ұмытпаған абзал. Тіпті, муны тынышылық, барлаушылық қызметпен теңестіруге болады. Қазақтарға «жа- байы», «қаракшы» деп «баға» бергеннен де ағылшын суретшісінің отаршылдық пиғылды жаятқанынан аңғарамыз. Бірақ та ол жазған көптеген оқиғалар тарихи шындық тұрғысынан баяндалған...

1937 жылы Орынбор экспедициясының бірінші бастығы И.Кириллов өлгеннен кейін, оның орнына келген Василий Тати- шевпен келісімшарт жасасып, 1739 жылдың ортасына дейін жұмыс істейді. Дұрысын айтсақ, неге екені белгісіз, Татишев пен Кэстль өзара түсінісін алмайды. Ақырында ағылшын қызметтен қуылады. Ол 1937 жылдан кейінгі жазбаларында жеке басы- на, өзінің қан-қарекетіне көп орын берген. Тіпті, Ресей мүддесі үшін «ұлан-ғайыр» еңбегінің өтемі болмағандығын айтудан жалықпайды... Ал экспедициядан кеткен- нен кейін Кэстльдің тағдыры туралы ақпар кездеспеді...

Дәурен ОМАРОВ.

ТҮРКІСТАННЫҢ СОҒҒЫ ХАНЫ – ТОҒАЙ ТӨРЕ

Қазақ мемлекетінің ортағасырлық тари- хында ерекше орын алған қала Түркістан десек, қателеспейміз. Түркістан қаласын алғаш аста- на еткен қазақ хандарының бірі Есімхан болды. Хиуа хандығының болашақ ханы, айтулы тарих- шы Әбілғазы Есімханның Түркістан қаласындағы ордасына келіп үш ай бойы паналағаны белгілі. Түркістанға билік жүргізген қазақ хандарының бірі Тұрсын Мұхаммед (1613-1627) еді. Ол – қазақ хандары ішінде өз атынан теңге соқтырған хандардың бірі. Тұрсын Мұхаммед соқтырған теңгелер қазір Ресей Эрмитажында сақтаулы тұр. Шығыстанушы П.Лерх, Түркістан аумағына 1867 жылғы барған іссапарының барысында Қожа Ахмет Ясауи ұрпағының қолында билеушілер артықшылықтар берген он бес құжат ішінде Тұрсын Мұхаммед ханның Һижра бойынша 1035 (1625-1626) жылғы жарлығын көргенін жазады.

Түркістан қаласында қазақ хандары түрлі елшіліктер қабылдады. Орыс деректерінде 1694 жылдың 22-шілдесінде Тәуке ханның (1652-1717) орыс елшілерін қабылдағаны сипаттала- ды. Осы кезде өткен келіссөздер барысында қазақ ханы тең дәрежелі қатынастар болуын талап ет- кен. Тәуке хан түрік сұлтаны мен қызылбас (пар- сы) патшасын өзінен ешбір жоғары санамай- тынын мәлімдейді. 1719 жылдан бастап 1724 жылға дейін қазақ хандарының басшысы болған Әбілқайыр (1718-1748) Түркістан қаласын өзінің астанасы етті. 1724 жылы Әбілқайыр әскермен келіп, Түркістан қаласын қалмақтардан азат етті. Бір жылдай ол қаланы және оның айналасындағы елді мекендерді жау қолына бермей тырысып бақты. Алайда 1725 жыл басында шаң жағынан ба- сым болған қалмақтардың қысымымен шаһарды тастап кетуге мәжбүр болды.

Түркістан қаласында қазақ билеушілерінің хан қотеру салтанаттары өтті. Абылайды қазақтың аға ханы етіп сайлау жөніндегі дерек назар аударлық: «...1771 ж. ...біздің барлық текті және даңқты кісілеріміз, Ұя Алаш – қазақ жұртының хандары, қалалар мен далалық аймақтар және Түркістан жұртының текті кісілері мені хандардың басшысы етіп қоюды келісті. Біздің дәстүрімізге сай және алдыңғы хандардың жолымен, біздің әулие әзірет Қожа Ахмет Ясауи дүние салған Түркістан қаласында, оның кабірі басында (Фатха сүресі оқылып, мені хан етіп көтерді...)». Сонымен кейінгі ортағасырлық дәуірде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қазақтардың жоғарғы басшысын сайлайтын орын болды.

XVIII ғасырдың 60-жылдары Қазақстан мен Орта Азия аумағына қытай әскерлерінің еніп жаулап алу қаупі пайда болды. 1762 жылы Әбілмәмбет хан (1734-1771) мен Абылай сұлтанға қытай елшілері келіп, қытай билеушісі көктемде арнайы әскер жіберіп, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барып құрбандық шалу жасамақ ойы барын жеткізеді. Осыған байла- нысты Түркістан қаласында 1763 жылы қазақ даласының ықпалды 6 мың тұлғасы қатысқан құрылтайы өтеді. Онда Қытай империясы тарапынан Орталық Азия елдерін жаулап алу қаупі төнуіне орай көрші мұсылман мемлекеттерімен, әсіресе, Ауғанстан патшасы Ахмадхы Дуррани- мен (1747-1773) бірге әскери одақ құру мәселесі қаралып мақұлданады. Орталық Азия мұсылман мемлекеттерінің бірігуі Қытай империясының Қазақстан мен Орта Азия жерлерін басып алу ниетінен бас тартуға мәжбүр еткен.

Түркістанда билік жүргізген қазақ хан- дарының тарихы әрқилы болды. Олардың кей- біреулеріне тарихшылар жеке кітаптар арнап, зерттеп жатыр. Кейбіреулерінің аттары ғана жа- зылып атқарған қызметтері көмексі. Осындай та- рихы көпшілікке беймәлімдеу хандардың бірі – Тоғай хан. Кейбір зерттеушілер оны Тоқай төре, Тоғай хан, Тоқай сұлтан деп те жазып жүр. Бұл – Түркістан қаласының соңғы қазақ ханы болған тарихи тұлға. Ол Ұзын оқты Ондан сұлтанның тараған Тұрсын ханның ұлдарының бірі Құшлық ханның немересі, XVIII ғасырдың соңғы шірегінде қонырат тайпаларын басқарған Қарабас сұлтанның ұлы

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР !

Жеке тұлғалардың жер, мүлік салықтарын ҚР Салық кодексіне сәйкес ағымдағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей және көлік салығын ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін төлеу керек екенін естеріңізге салады. Аталған салық түрлерін төлеу мерзімінен асып кеткен жағдайда төлеу мерзімінен кейінгі әр күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық банк бекіткен қайта қаржыландырудың ресми бағамының 2,5 пайызы мөлшерінде өсімақы есептелініп-дігін, салық міндеттемесін уақытлы орындамаған салық төлемгерлеріне әкімшілік шара қолданып, сот арқылы мәжбүрлеп өндірілетіндігін, сонымен қатар, салықтан берешіт бар азаматтарға Қазақстан Республикасы территориясынан сыртқа шығуға сот арқылы тыйым салынатындығын ескертеді.

Салықтарды Қазпошта АҚ-ның және екінші деңгейлі Банкілердің барлық филиалдарынан төлеуге болады. Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы салық төлеу әрбір ҚР азаматының міндеті екендігін ескерте отырып, барлық қала тұрғындарын салықтары бойынша есеп айырысуға шақырады!

Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен блогерлер арасында әскери тақырыптағы интернет желісінде үздік жарияланымға “Әскери пост” – “Военный пост” республикалық шығармашылық байқауы жарияланды.

Әскери тақырыптағы интернетжелісінде үздік пост байқауы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің позитивтік имиджін нығайтуға үлес қосқан журналистерді, әскери сарапшыларды, медиа кәсіп, қоғам өкілдерін, желілік журналистер мен блогерлерді көтермелеуге, Қарулы Күштердегі позитивтік өзгерістер, армиялық қызмет пен әскери дәстүрлер, әскери қызметшілердің заманауи ерлік пен батырлық үлгілері, азаматтар арасында әскери қызмет пен әскери дәстүрлерді насихаттауға, армиялық қызметтің беделін арттыруға бағытталған.

Байқауға қатысушылар “Әскери дискурс” әжстремалды журналистика бойынша практикалық семинарға қатысуға

КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖИНАЛЫС ӨТЕДІ

«Монолит-Қызылорда» ЖШС барлық акционерлерін кезектен тыс жиналысқа шақырады. Жиналыс 18 қыркүйек күні сағат 10.00-де Қызылорда қаласы, Қаратағай көшесі 1 мекен-жайында өтеді. Кеорум жиналмаған жағдайда жиналыс 19 қыркүйек сағат 10.00-ге ауыстырылады.

«Монолит-Қызылорда» ЖШС әкімшілігі.



бұрын 106 кг

Доктор Р.Хайруллина тәсілімен жылдам әрі оңай арықтаныз.

Нәтижесі 100 %.

- Біздің әдісіміз ғылыми дәлелденген және 20 жыл бойы патенттелген;
- Сізге ашығудың және калория есептеп жағудың қажеті жоқ.
- Сеанстан соң Сіз тәттіден және ұн тағамдарынан оңай бас тартасыз.
- Біз Сізбен 4 ай ғана жұмыс жасаймыз, сойтіп тамақтану тәртібіндегі жаңа өзгерістерге қалыптасуыңызға көмек береміз. www.pohudet.kz
- Кенес беру тегін!

Сеанс Қызылорда қаласында 2015 жылдың 26 қыркүйекте сағат 16.00-де болады.

Тел.: 22-38-22, 8-705-411-64-98, 8-775-803-75-57.



қазір 68 кг.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қармақшы ауданы әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 120500, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй, анықтама үшін телефондары 8(7243)72-19-59, факс 8(7243)72-19-59, e-mail: info@armay.kz» корпуста бес мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасту конкурсы жариялайды:

«Қармақшы ауданы әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру және инспекторлық жұмыс бөлімінің бас инспекторы, санаты Е-3 (индекс К 02-2) -1 бірлік. Лауазымдық жалмақы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 78 797-66 теңгеден 106 344-81 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке аламағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Жоғары органдар мен аудан әкімінің қабылдаған актілерінің орындалуына, олардың іске асырылуына ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Өзіне бекітілген бөлімдермен мекемелерде іс қағаздардың, құжат айналымыдарының заң талаптарына, нұсқаулықтарға сәй болуына бақылау орнатады, уақыттығы хабарлап, ұсыныстар енгізіп отырады. Аудандық тұрақты кеңес мәжілісіне бөлімдер бойынша, өзіне бекітілген кент, ауылдық округ, сыалық мекемелер бойынша зерттеулер жүргізіп, өекеті мәселелерін күн тәртібіне ұсынып отырады. Өз қүзіреті шегінде арыз-өтініштердің орындалуын қамтамасыз етеді. Аппараттық оқуды ұйымдастырады. Өзіне бекітілген бөлімдер, кент, ауылдық округ әкімдерінің жұмысына талдау жасап, функцияларының атқарылуы туралы үнемі зерделеу жұмыстарын жүргізеді. Аудан көлеміндегі санитарлық-тазаалық, көркейтү-қоғалдандыру жұмыстарына бақылау орнатады. Аудан көлеміндегі құрылыс салу нысандарының жұмыс барысына, әлеуметтік нысандардың құрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарына бақылау орнатады. Өзіне бөлінген салалар бойынша аудандық комиссиялардың жұмысына бақылау орнатып, зерделеп, үйлестіріп отырады. Халықты сапалы ауыз сумен «Ақбұлақ» бағдарламасының аудан көлемінде орындалуына және аяқ судың жүргізілуіне бақылау орнатып, тиісінше ұсыныстар береді. Күнделікті оперативтік ақпарды жасақтан аудан әкіміне, облыс әкімі аппаратына ұсынып отырады. Аудан көлемінде «Тұрғын үй» шаруашылығы жаңғырту бағдарламасы бойынша коммуналдық қарыздар туралы, экологиялық ахуал туралы зерделеу жұмыстарын жүргізіп, тиісінше ұсыныстар береді. Аудан көлеміндегі қоғамдық көлік қозғалысының ұйымдастырылуына, жолдардың салынуына, қайта жаңғыртылуына, жөндеуіне және күтіп ұсталуына және архитектуралық келбеттің қалыптасуына, жер учаскелері туралы ақпарды, жарықтандыру жұмыстарын зерделеп жұмыстарын атқарып ұсыныстар енгізіп отырады. Жоғары органдар тапсырмаларының орындалуына (хаттамалық тапсырмалар, қаулылар, өкімдер) бақылау орнату, уақыттылы орындауды іске асырады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыс әкімінің, облыс әкімі орынбасарларының, облыс әкімі аппараты басшысының селекторлық мәжілістерін дайындайды, аудан әкіміне сапалы анықтамалардың дайындалуын қамтамасыз етеді.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Білім немесе гуманитарлық ғылымдар немесе құқық немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика немесе менеджмент немесе қаржы немесе мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе техникалық ғылымдар және технологиялар немесе қызмет көрсету (іскеріе орналастыру немесе қызметі) коммуналдық мемлекеттік және жеке қозғалысы мен тақсымалы ұйымдарыру немесе (логистика) немесе ауылшаруашылық ғылымдары (су ресурстары және суды пайдалану) мамандықтары бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес

болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;
- 2) осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;
- 3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтары бойынша оқуды аяқтауы;
- 4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізімінде) 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалдық куәландырылған сертификат көшірмесі).

Егер азамат өтініс өтілінің жүзеге асырмаған және конкурсы жарияланған бес лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурсы комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (қадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және белесіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттарды көшірмелері, мінздемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурсты өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» журналы «Сыр бойы») соңғы жарияланған күнінен бастап он жұмыс күн ішінде «Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй, 19-кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурсы комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде

әңгімелесу өткізу туралы конкурсы комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Үміткерлермен әңгімелесу «Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі №2/А үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурсы комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурсы комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурсы комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (қадр қызметіне) тіркеледі. Бірлесу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (қадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурсы комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурсы жарияланған мемлекеттік органның қызметкері болып табымайтын, бес лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бес мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Қокшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау, және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-3-санаты үшін тестілеу бағдарламасы: Мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); Логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ); «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ); «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ); Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсықа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қармақшы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

Сенбі, 12 қыркүйек, 2015 жыл. №136-137

«Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына ақпарат

2015 жылдың 10 тамызынан бастап «Банк Центр Кредит» АҚ бөлімшелері Сіздің «Валют-Транзит Банк» АҚ-дағы депозиттеріңіз бойынша қосымша орнын толтыру төлемдеріне өтініштер қабылдап жатыр. Осы уақытқа дейін 25 мыңнан астам салымшылар өз ақшаларын қайтару үшін өтініш берген.

Осыған сәйкес, «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына депозиттер бойынша төлемдердің жүргізілуі жалғасып жатқанын естеріне саламыз. 5 млн-ға дейінгі депозиттер бойынша қалдықтарды қайтару үшін «Банк Центр Кредит» АҚ бөлімшелеріне жолығу қажет (оған есептеген сыйақыларды санамағанда).

Бөлімшілердің тізімімен www.kdif.kz сайтында таныса аласыз не «Депозиттерді кепілдендіру қазақстандық қоры» АҚ «жедел желісінің» 88000801020 нөмірі бойынша анықтай аласыз (бұдан әрі - ДҚКБ).

«Банк Центр Кредит» АҚ бөлімшесінде келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- жеке тұлғаны куәландыратын құжат (түпнұсқа);
- мұрагерлерге – мұрагерлік құқығын растайтын құжаттар;
- өкілдерге – нотариалды куәландырылған сенімхат;
- жағдайға сәйкес, Сіздің талап құқықтарыңызды растайтын басқа да құжаттар.

Барлық растайтын құжаттар «Банк Центр Кредит» АҚ бөлімшесіне ұсынылғаннан кейін төлемдер 5 жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізілетін болады. Салымдардың қалған сомасы және салымдар бойынша сыйақы сомалары туралы ақпараттарды алу үшін салымшылар келесі мекенжай бойынша «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның Тарату комиссиясына жолығуы қажет: Қарағанды қаласы, 10000 индексі, Бұқар-Жырау даңғылы 51/1, тел. 8 (7212) 996405.

Басқа да ақпараттарды ДҚКБ-ның 88000801020 «жедел желі» нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қала байланыстарына телефон шалу ақысыз) немесе банк-агент бөлімшелерінен ала аласыздар.

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ «Арысқұм кенішіндегі су айдалмау жүйесі. №132 ұңғымаға айдалмау құбырын тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекенжайында және Azhimurat.Orazbayev@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Арысқұм кенішіндегі су айдалмау жүйесі. №132 ұңғымаға айдалмау құбырын тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

ЕЛІМ ДЕП ӨТКЕН ЕСІЛ ЕР

Ұрпаққа ұлағатты тәрбие, өшпес қайсарлық үлгісін көрсетіп, тым ерте феницен бақша көшкен ел ағасы, ұзақ жылдар бойы халқымыздың құқығы мен бостандығын, қауіпсіздігін қорғап келген Ішкі істер департаментінің ардагері, полиция полковнигі Тұрар Жұмадуллаұлы Хакаевты еске алып отырмай.

Хакаев Тұрар Жұмадуллаұлы 1957 жылы 3 тамызда Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1974 жылы Қызылорда қаласындағы №4 орта мектепті бітіріп, 1975-1978 жылдары Қызылорда политехникумының «Ауыл шаруашылығын электрофикациялау» бөлімін тәмамдап, 1978-1980 жылдары Отан алдындағы борышын өтеп, сол жылы КСРО-дағы ІІМ-нің ішкі істер органдарының орта және басшы құрамдарын дайындайтын Калинин училищесінің 1 жылдық курсын бітіріп, Қызылорда обисполкомының Ішкі істер басқармасына Жедел қызметінің жедел уәкілі болып жұмысқа қабылданды. 1984-1989 жылдары Ташкенттің ССРО ІІМ Жоғары мектебін үздік бітіріп, Жоғары мектептің «Мәңгілік құрмет» тақтасына аты жазылған. 1985 жылдары еңбек жолын инспектор қызметінен бастап, Ішкі істер басқармасы Желел-техникалық қызмет басқармасының басшысы, Штаб басқармасы жанындағы Ақпарат орталығының бастығы, Криминалды ақпарат орталығының басшысы қызметтерін атқарып, 2004 жылдың тамызында полиция полковнигі шенімен отставкаға шықты.

Тұрар Жұмадуллаұлының атқарған қажырлы еңбегі елеусіз қалмай, Ішкі істер министрлігі, ішкі істер басқармасы басшылығы, облыстық ішкі істер департаменті тарапынан жоғары бағаланып, бірнеше мәрте түрлі дәрежедегі марапаттарға ие болды. Өте сауатты, жаңашыл, ізденіс үстінде жүретін азамат еді. Өзінің табиғи табандылығының арқасында милицияның ауыр да мазасыз жұмысын атқара жүріп, шікірт тәрбиеледі, ізін жалғар, ісін жалғастырап жас, қажырлы, қайсар офицердің қалыптасуына ұйытқы болды.

Аяулы әріптесіміздің өр тұлғасы мұнарланған бұлттардың арасынан шуақты күндей жадымызда әрқашан жарқырап тұра бермек. Топырағыңыз торқа болсын, жаныңыз жәннатта шалқысын, қадірлі әріптес.

Қызылорда облысы ішкі істер департаментінің басшылығы, ардагерлер кеңесі және департаменттің жеке құрамы.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Даулетжанов Бигелді Бекжанұлының атына Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қарақұм ауылдығы №59 Қарақұм орта мектепін 22.06.1995 жылы бітіргеніне берілген ОА-ІІ №0135404 аттестаты қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Уразимбетова Айманкул Ураковнаның атына Қызылорда теміржол транспорты техникумын «Жол шаруашылығы құрылысы және пайдалану» мамандығы бойынша 29.02.1992 жылы бітіргені жөнінде берілген ІІТ-І №345269 дипломының қосымшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жақыпов Мәди Ахмедхановичтің атына Қызылорда облысы, Арал аудандық жалпы білім беретін кешкі мектепті 18.06.2009 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ 0245030 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жарикова Тана Киякбаевнаның атына Ақтөбе мемлекеттік медицина институтын «Емдеу» мамандығы бойынша 30.06.1979 жылы бітіргені жөнінде берілген ЕВ №080180 диплома жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Ибраев Мурат Томановичтің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақмешіт ш/а, 4 үй, 39 пәтерге берілген заң бойынша мұраға қалдыру куәлігі (№1-2734 27.03.2003 ж.), көпталері тұрғын үйдегі пәтерге берілген төлқажатарының түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Калменова Молдир Аманжоловнаның атына Қызылорда қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы №10 орта мектептің 9 сыныбын 26.06.2005 жылы бітіргені жөнінде берілген НМК №2088764 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Ян Тасия Манчунвананың, Ше Анатольйдің аттарына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әбділда Тәжібаев көшесі, 25 үй, 58 пәтерге берілген сатып алу-сату келісім-шарты (№1654 03.07.2014 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Акоянов Даурен Бекмаганбетовичтің атына Қызылорда облысы,



ШАҢЫРАҚ ШАТТЫҒЫ



Отбасы – перзент бойында сүйспеншілік пен мейірімділік қалыптастыратын қасиетті шаңырақ. Сол себепті отбасының қос тірегі – ата мен анаға жүктелер жауапкершілік жүгі қай кезде де ауыр. Осы орайда отбасында балаларын барым деп, ата-аналық парызын бағым деп білген, отағасы о дүниелік болып кетсе де, ошақтың отын өшірмей, шаңырақ шаттығын еселеп отырған ақ жүректі, кең пейілді, айбынды аналарымызға қашан да құрметіміз шексіз.

Қызылорда қаласының тұрғыны, төрт баланың анасы, бүгінде немерелерінің сүйікті әжесі атанып отырған Сара Шүренованы тліпатқа лайық сондай аналарымыздың бірі десек қателеспейміз.

– 1998 жылы жолдасымнан қырық жасымда қалдым. Ол уақыт тәуелсіздігімізді алғанымызға бірнеше жыл ғана болған қиын кез еді ғой. Алғашында «шінеттей төрт баланы қалай жеткізем, қалай адам қатарына қосам» деп уайымдаумен болдым. Бірақ, басқа түссе баспақшыл деген, балаларым үшін ес жиып, белді бекем бууға тура келді. Бұғанасы бекімген балаларымның болашағын ойладым. Бір ғана жұбанышым ол – жұмысым болды, – деп бастады әңгімесін Сара апа.

Отағасы Токтыбай Батталұлынан айырылған соң Сара апа да шаңырақ түтінінің түзу ұшуы үшін барын салды. Ол кезде үлкені Ақнұр 11 сыныпта оқыса, онан кейінгі Ермек – 8, Ерлан – 6, кенжесі Акемер небәрі 4 сыныпта болатын. Осы балалардың бар жауапкершілігі бір өзінің мойнына артылғанын сезген отанасы жұмыстан бас алмады. Сондай қиын кезеңде өзі тігініш болып жұмыс істейтін Н.Бекежанов

атындағы музыкалық драма театрындағы ұжымдастары Сара апаны барынша қолдап, басына түскен қайғыдан арылуы үшін тіл көмектерін аямаса, ағайын-туыс та қолдан келген жәрдемін жасады.

– Өуелі Алла, онан соң ниеттес ағайын-туыстың, ұжымның қолдауы, солардың тілектестігінің арқасы деп ойлаймын бүгінде құдайға шүкір ұлдарымды ұясына, қыздарымды қиясына қондырған бақытты анамын, – дейді Сара Әлкейқызы.

Айтса айтқандай-ақ, бүгінде төрт баласы өмірлік теңдерін тапқан. Екі қызы Ақнұр мен Акемерке бір-бір әулеттің отын жағып, ұрпағын өсіріп отырса, ұлдары Ермек пен Ерлан да жар тауып, әке шаңырағын шаттыққа бөлеуде. Айтқа кету керек, Сара апа екі келінді бір шаңырақ астында ұстап отырған ене.

– Екі ұлым 2011 жылы бірге үйленді. Сонан бері екі келінім бір үйде, яғни, қолымда тұрып келеді. Үлкен келінім – Фарида, кіші келінім Мәлдір де өте тәрбиелі, кішіпейіл жандар болып шықты. Екеуі бірге түскендіктен бе бір үйдің қыздарындай болып тез тіл табысып кетті. Биыл төрт жыл болады екеуінің бір шаңырақ астында тату-тәтті, апалы-сіңлі сияқты өмір кешіп жатқандарына. Бүгінде екеуі де қызымдай болып кетті. Өзім де екі ененің қолына түстім, екі ененің ақыл-көнесін, өнегесін алдым. Сол ененерімнен алған тәрбиемді өз келіндеріме беруге тырысамын. Үлкен келіміме «сен осы үйдің үлкенісің, өзіңнен кейінгілерге үлгі, ақылшы болуың керек» десем, кішісіне шаңырақ иесі екенін, сондықтан осы отбасының сыйластығы, берекесіне жауапты болатынын айтып отырамын. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау араз болса, ауыздағы кетеді» деген бабалар өсиетін балаларыма жиі айтып отырамын, – дейді Сара Шүренова ағынан жарылып.

– Екі келін бірге түстік. Сонан бері абысының екеуіміз бір-бірімізбен жақсы сыйластықтамыз. Отбасының берекесі әйелге байланысты екенін анам ылығы айтып отыратын. Анамның айтқан сол өсиетін үнемі есімде ұстаймын. Енеміз өте жайдарлы жан. Енемізді «мама» деп атаймыз. Келін болып түскелі ол кісінің бізге дөрекілік танытқан кезі болған емес. Мамамыз танертеннен кешке дейін жұмыста болады, сондықтан ол кісі келерде шай-тамағын дайындап, күтін отыру әдетімізге айналған. Немелері де іздеп отырады, ол кісі есіктен кірген бойда әжелеріне қарай жүгіреді, – дейді кіші келіні Мәлдір.

Сара апа отбасында сыйлы ана, тоғыз немеренің сүйікті әжесі ғана емес сонымен бірге ағайын-туыстарының, ұжымның арасында да өзінің көпшілігімен, адамгершілігімен, бауырмалдығымен құрметке бөленіп жүрген ардақты жан. Құдай қосқан құда-құдағилары Сайран, Сұлтанбек пен Үрмші, Қалірбек пен Тұрсын және Бексайын мен Сағаткул талғайлы жылдан бері ет жақынына айналып кеткен тілекшілері.

Иә, отбасының береке-бірлігін ығайтып, ажарын ашатын, шаттығын жалғап, бақытын есейлейтін әйелдер қауымы. Өр отбасында көңелін тең ұстап, шаңырақ шырайын келтіріп отырған Сарай аналарымыз аман болса, қазақтың болашағы баянды болатыны сөзсіз.

Айһүр СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ.

ОТБАСЫ – ОТАН ТІРЕГІ



Отбасы – адамзат баласының түпқазығы, алатын ұясы. Бала тәрбиесінде отбасының алатын орны ерекше, оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Отбасының негізгі қызметі баланы өмірге келтіру ғана емес, оның бойына ерте заманнан келе жатқан ұлттық тәрбиенің тағылымдары мен аға ұрпақтың тәжірибесін сіңіру, қоғамға пайдалы жеке тұлға етіп тәрбиелеу. Ата-ананың өз борышын мұлтіксіз орындауы – үлкен тәрбие мектебі. Еліміздің көркейіп, өркенетіп елдің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың құқығы әрі парызы» деп көрсетілген. Сондықтан, өнегелі ұрпақ өсуін тілеп, ұрпақ тәрбиесін отбасынан бастап, әрібк ата-ана бала алдындағы парызын дұрыс атқаруы қажет. Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үйіспес, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейіраңдылықты дәрсіптейді. Ата-бабаларымыз баланы бесігінен жасық әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өте» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «иманжүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған.

Балаларды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді баланы сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адам-

гершілік тәрбиесінің жемісі. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік іргетасын қалағанымыз. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болып табылады.

Отбасы – болашақ азаматтың әлеуметтану жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым. Ол балаға моральдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі.

Отбасының басты қазығы, алтын тіреу дінгеі – бала. Бала – жасы көмелетке толмаған, жан-жақты тәрбиені қажет ететін, болашағынан көп үміт күттіретін жеке тұлға. Ал, баланың жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тәрбие берушілер ата-ана, отбасы, арадастары ортасы, жолдастары, тәрбиешілер ұстаздары.

Отбасының негізгі қызметі баланы өмірге келтіру ғана емес, оның бойына көне заманнан келе жатқан ұлттық тәрбиенің тағылымдары мен аға ұрпақтың тәжірибесін сіңіру, қоғамға пайдалы жеке тұлға етіп тәрбиелеу болып табылады. Ата-ананың өз борышын мұлтіксіз орындауы – үлкен тәрбие мектебі. Осылайша, адамға тән рухани-адамгершілік сапа-қасиеттерді қалыптастырып, дамытудың негізгі ең алдымен отбасында қаланады. Ал, отбасындағы тәрбие бесік жырынан бастау алады. Осыған орай ұлы жазушы М. Әуезов «Ел болам десем, бесігінді түзе» деп айтқан кеткендей, отбасындағы тәрбиенің бесік жырынан нәр алуының маңызы айрықша. Ата-ана баласына ертегі, аңыз, әңгіме, жыр-ластандарды айту арқылы оның ойлау, қиялдау, тыңдай білушілік пен армандау қабілетін ұштайды.

Өркенетті қоғам дамыған сайын отбасында бала саны азайып келеді. Аз балалы, яғни бір баласы бар отбасында, ішкі отбасылық тәрбиенің ең басты жағдайы жоқ, ол – балалар қарым-қатынасы. Бір баланың тәрбиесі қосымша педагогикалық күш салуды талап етеді. Жалғыз балаға деген ата-ананың, әжесі мен ағасының артық көңіл бөлуі оны белсенділігінен айырып, баланың эгоистік жактарының басым болуы байқалады. Бір балалы отбасы көпшілікпен араласу, ұжымдық қызмет тәжірибесін игеру жағынан баланы қиын жағдайға қалдырады. Бұндай отбасыларда аға, әпке сияқты тәлімгер

іні, қарындас баланың қамқорлығына алатын бауырдың болмауы ұжымдық туыстық қатынастар аясын мүлдем тарылта түседі. Кейінгі кезде немере, шөбере туыстарды айтағанда, бірге тұтан бауырлардың да туыстық қатынастары салқындай бастағандығы аңғарылады. Көп балалы отбасының балалары ауылда, мектепте, ұжымда, қатар құрбылары арасында тез сіңісіп кетеді, өйткені олар отбасында бір-біріне қамқорлық, құрмет жасауды көріп өседі. Ал бір баламен шектелген отбасылардың бұқаралық синат алуы балалар арасында жатырқау, тасбауырлық сезімдердің нығая түсуіне негіз қалайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев халыққа Жолдауында: «...Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал, мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады», – деп тұжырымдағанды, рухани-адамгершілік құндылықтарды өрістетуде отбасының ролі ерекше. Отбасында тұрмыстың қалыптй жағдайлары жасалып, адамның мінез-құлқының негізі, сондай-ақ, еңбекке, қоғамдық ортаға, адамгершілік, идеялық және рухани құндылықтарға деген қарым-қатынасы дамып, жетіледі.

Демек, отбасы адам өмірінде, оны жеке тұлға ретінде қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Ата-ана мен отбасының өзге мүшелері баланың жас және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, рухани-адамгершілік тәрбие беруін формалары мен әдістерін нақты жүзеге асыра білуі тиіс.

Кәсіргі экономикалық дағдарыстың кері әсері ер отбасының алдағы жо-парларына өзгерістер енгізуде. Мұндайда бүрынғы аста-төк ысырапшылықтан арылып, ақлын берекесін ұяыту маңызды. Отбасы бюджетінің ер тыныш жоспарлап, кезек күттірмейтін мәселе-лерге ғана қаржы жұмсау керек. Әрбір мәселені ақыл таразына салып, ашу-ды сабырға жеткізе білгенде ғана қаражат жетіспеушіліктен туындайтын қиындықтар артта қалады.

Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғам-да өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ғана ардақталады. Ал, қоғам-дағы адамгершілік тәрбиесі – адам-гершілік сезімді, ұлттық санағы, парасатты мінез-құлық дағдыларын қалып-тастырып, жетілдіруде жалпыадамзаттық құндылықтарды тиімді пайдалануға бағытталған жалпыадамзаттық тәрбие-нің бір бөлігі. Сондықтан бүгінгі таңда оқу-тәрбие үдерісінің басты мақсаты ақылды да әдепті, жан-жақты жетілген, адамгершілігі мол жас ұрпақ өкілдерін тәрбиелеуге бағытталып отыр.

Нүрсәуле МҰСАЕВА,
тілдерді оқытудың өкілдік
орталығының директоры.

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

ӨМІРМЕН ӨЗЕКТЕС ТУЫНДЫ

Қазақ әдебиеті тағы бір тың туындымен толықты. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті жур-налисі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Жаксылық Рахматуланың есімі Сыр еліне жақсы таныс. Ол өзінің са-налы ғұмырын руханият сала-сына арнаған. Өр жылдары жазушының қаламынан шық-қан «Меңсұлу» романы, «Алыс-тай берген аяулымы», «Кис» деп аталатын хикаяттар мен әңгімелер жинақтары кезінде өз оқырмандарынан жақсы баға алған-ды. Жеті кітап, екі публицистикалық жинақ авторы саналған Ж.Рахматуланың


“Дала толғауы” деп аталған бұл жаңа туындысына Сыр бойы зиялы қауым өкілдерінің, еңбек адамдарының адал еңбегі мен шынайы өмірі, ой-толғамдары мен ұсыныс-пікірлері топтас-қан.

Негізінен Тәуелсіздіктің 20 жылдығы мерекесіне орай жазылған бұл шығармада ел азаттығының алғашқы жылдарындағы көпшіліктің басынан өткен қиыншылықтар мен келергілер сөз болып, олардың іс-қимыл әрекеттері мен ой-толғамдарындағы өзге-рістер баяндалады. Сонымен қатар кітап адами болмыс-тың сан түрлі тұстарын се-

німді бейнелейді, кейіпкер өміріндегі әрқилы өзгерістер мен жетістіктерді қызықты тілмен көркемдейді. Оқырман өмірде кездесетін азғындық пен қатыгездіктен бой тартады, жаксылық пен мейірімге риза болады, өзі де кітап кейіпкерімен бірге қуанып, бірге мұңаяды, оның әрбір сөзіне сенім артады, ісіне сәттілік тілейді. Бұл – жазушының шеберлігі, тілінің жаттықтығы мен көтерген мәселесінің ауқымдылығынан екені даусыз.

Кітап барша оқырман қау-ымға арналған.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.



ТАҒЫМ

ЕЛ АҒАСЫНЫҢ ЕСІМІ АРДАҚТАЛДЫ

“Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында із қалдырған” деп атам қазақ айтқандай, есімдері Сыр аймағына танылм айтулы азаматтарды ардақтап, олардың өнегелі өмір жолын ұрпақтарға ұлағат ету дәстүрге айналған. Осындай азаматтардың бірі – аралдық ағамыз Әділ Әбдіхановтың дүниеден озғанына жиырма жыл да атқан оқтай зымпырап іте шығыпты. Жақсы ағаның артында қалдырған өзі мен ісі көпке мәлім. “Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен” тұлғаның өнегелі өмір жолын бүгінгі ұрпаққа ұлағат етуді мақсат еткен Әбдіхановтар әулеті ер есімін ардақтап, еске алу рәсімін өткізді.

Алғашқы болып сөз алған аудан әкімі А.Мұхимов аймақ басшысының Ә.Әбдіханов туралы жеделхатпен жолдаған тілегін таныстырып, өмірдеріне тоқталды.

1928 жылы өмір есігін ашып, бар-жоғы 67 жыл ғұмыр кешкен Әдекен халқына қалаулы, еліне елеулі ел ағасы болып, елі үшін өмірлене еңбек еткен. Еңбек жолын 1943 жылы кезінде Сазды колхозында ферма есепшісі болып бастаған ол бергін келе аудандық атқару комитетінің жалпы бөлімінің меңгерушісі, Октябрь, Қарақұм, Сазды ауылдық кеңестерінің хатшысы, Абай ұжымдық шаруашылығының ферма меңгерушісі, басқарма төрағасының орынбасары, Қарақұм кеңшары кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін абыройлы атқарса, 1969-1981 жылдары аудандық мал даярлау және бордақылау мекемесінің директоры, 1981-1985 жылдары аудандық шикізат даярлау мекемесінің директоры, ал 1985-1989 жылдары Сайғонды ауылдық кеңесінің төрағасы



қызметтерін атқарып, дербес зейнеткерлікке шығады. Әдекеннің ересен еңбегі ескерусіз де қалмаған. Ол еңбек және мерекелік медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Облыстық, аудандық, жергілікті кеңестердің бірнеше дүркін депутаты болып та сайланған.

Еске алу рәсімінде сөз алған қоғам және мемлекет қайраткері Құдайберген Саржанов Әдекенмен сыйлас та сырлас, тұз-дәмдес болғанын, оның Арал ауданының өркендеуіне зор үлес қосқанын баян етті.

– Әдекен өмірге 5 ұл, 3 қыз әкелген өнегелі отбасының иесі еді. Оның ұл-қыздарын көргенде тұлғалардың туяғын, асылдың сынығын көргендей боламыз. Әбдіхановтар әулеті жақсыдан қалған жәдігер ғой, – деді ардагер.

Мұнан соң аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кішкенә Айбосанов бастаған бір топ зиялы қауым өкілдері мен дос-жарандары сөз алып, ел ағасының ізгілікті істері жайлы әңгімеледі. Аралдың айтулы азаматы Әділ Әбдіхановтың жарқын бейнесі бүгінгі ұрпаққа ұлағат етіліп, есімі ұзақ уақыт сақталатынын жеткізді.

Еске алу рәсімінде жиналғандарға Ә.Әбдіхановтың өмірдерегі жайлы деректі фильм көрсетіліп, “Өкеге тағзым” кітабы тарту етілді.

Ернар ЕРКНҰЛЫ.

Арал қаласы.

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Жергілікті атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.А.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы	Жылқышиева Жазира Жаксылыққызы	басқарма басшысы	күнделікті 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтанкөшесі н/сіз	60-53-19
	Меңлібаев Еркөбұлан Қайырбекұлы	басқарма басшысының орынбасары	жұма 16.00-18.00		60-54-96
	Нұрбаева Гүлмира Бекетайқызы	басқарма басшысының орынбасары	сәрсенбі 16.00-18.00		60-53-17
	Балабаев Мұрат Сұлтанғазыұлы	басқарма басшысының орынбасары	сейсенбі 16.00-18.00		60-53-25
	Алтаева Әлия Алмаханқызы	басқарма басшысының орынбасары	жұма 16.00-18.00		60-53-18

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы құрес» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңнама талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасында (8 7242) 60-53-18 «сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

КІТАПТАР ӨЛЕМІНЕ САЯХАТ



«Сықырлы конверттер» атты ой сергітер ойындар ұйымдастырылды. Ата-аналар үшін «Тәрбие көзі – отбасы» көрмесіне шолу жасалып, «Баланың кітап оқуға деген ынтасын қалай дамытамыз?» және «Оқырманды мәңгілеп өсірейміз» атты жалданамалар таратылды.

Рухани ордада осы күнге дейін отбасы мүшелері арасында ұлттық тәрбиені қалыптастыруға көмектесетін мол түрлі деңгейдегі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Атап айтқар болсақ, «Кітаптар қалашығына саяхат» және «Отбасы кітап даналығы ыңғайтады» атты ашық есік күні, «Оқу – сықырлы кілт» атты отбасылық оқу күні. Мұндағы мамандар осындай шаралар арқылы да оқырман қатарын көбейтуге болатынын атап өтті.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы жаңа телемаусымда көрермендерге шын-шытырман эмоциялар ұсынбақ

Тағы көп сезім! Тағы көп оқиға! Тағы көп кездесу! Тағы көп келері! Тағы көп шоу! Тағы көп драма!

«Қазақстан» телеарнасы жаңа маусымның көрсетілімін бастап кетті. «Қазақстанның» ең мықты деген жобалар командасы көрермендерге әңірде әлі де көп шын-шытырман эмоциялар ұсынбақ.

Жаңа маусымға «Қазақстан» телеарнасы миллиондаған қазақстандықтар сүйіп үлгерген рейтингті жобаларымен кірді.

«Таңиолпан» таңғы шоу жүргізушілері көрермендермен жаңа жаналықтар және жаңымды эмоциялармен, пайдалы кеңестермен бөлісіп, қызықты және позитивті адамдармен сөйлеседі.

Бұрынғы тааныстармен жаңа кездесулер Құрманбек Жұмағалидің сенбілік кеңестерін көрей-етін болады. «Сенбілік кездесу» студиясында әнші және композитор Ұлықан Жолдасов, ҚР халық әртісі Досжан Жолжақысынов, әнші Қайрат Нұртас қонаққа болады.

Әлеуметтік маңызы зор тақырыптар талқыға салыныптан Қазақстанның басты «Идея бақыты» әйелдер ток-шоуында Ләйла Сұлтанқызы көр-мермендер үшін ең сезімталды және шынайы өмір оқиғалар ұсынады.

«Қазақстан» телеарнасының көрермендері Нұрлан Қоянбаевтың студиясында екі есе көп жұлдыздар мен шоуға куә болады. «Түңгі студияда» жобасының қонақтары үшін арналған тосын сұрақтар мен ыңғайсыз жағдайлар әзірле-нуде, ал оқиғалардың жан-жақты өрбуне Нұрлан Қоянбаев үлде береді.

Жаңалықтар. РТРК тілшілері күн сайын

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
телефакс 70-00-36

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӨБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-61
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
өсп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

мәнішкіті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жүмәбек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шығей, Жаңақорған:
Нұржан Еспаев - 8724 32 4-58-51

e-mail: syrboyi@ru
site: www.syrboyi.kz

</